Тіл лебізде жанданады дедік. Демек, лебізді зерделеудің өзі жеткілікті ғой! Бір қарағанда осылай. Бірақ тек осымен қанағаттануға болмас. Тіл – лебіздің қоймасы. Қажетті сөзді ал да, сөйлеуде, лебізде қолдана бер. Лебізде ол өзінің алуан түрлі түсіне (color) еніп, ғажайып бір феномен туғызуға қабілетті. Оны әркім әртүрлі қолданады. Қолданушының бәрі ақын не жазушы емес. Қолданушының бәрі сөздің байыбын танып, пайымдап жатпайтыны тағы түсінікті. Бәріміз Зейнолла Қабдоловша шешен сөйлей алмаймыз ғой. Неге олай емес деп бізді ешкім сөкпейді де. Лебіздегі сөздің көрінісінде субъект қатысады. Ал субъект қатысып, лебізге айналмаған тіл өледі. Алайда, тілдің мәні тек лебізде сөйленуімен аяқталмайды, сонымен басталады. «Тіл-қоймада» бәрі бар. Сөз бен сөз тұлғаларының барлық мағыналары, әр алуан түрлі тұлғалық ерекшеліктері мен байланыстары – сонда. Ал қолданыс және дұрыс қолданыс, қолданыстағы сөз мағынасының қабылдануы – лебізде! Тіл сөйлейді.

Ойыма Абай атаның «Білімдіден шыққан сөз» өлеңі оралады.

Ия, Абай данышпаннан айтылмаған сөз қалды ма?! Біз, Қазақ баласы, бақытты халықпыз! Өйткені бізде Абайдай алып тұлға ұлттық дүниетаным көкжиегін кеңейтіп, әлемдік аренада сөйлейді. «Адамзаттың бәрі сүй, бауырым деп» дегенді де сол Абай айтты ғой. Жаңағы өлеңді қайта тыңдалық:

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Осы өлеңді бастауыш сыныптан бастап айтамыз, жаттаймыз. Мәніне толық қанып, түсіне алдық па, жоқ па?

Сөз. Абай өлеңде қасиетті сөзге терең мән береді. Сөз білімдіден шығып, талаптыға кез болса, талапты жас тыңдап, бойына сіңірсе – сол құт. Сөздің нұры, сөздің сыры ... Сөз арқылы нұр мен сыр төгіледі дейді Абай дана. «Жақсы сөз –

жарым ырыс» дейді халық білігі. Ырыс, береке – сөзде.

Тіл білімінде психолінгвистика, нейролінгвистика деген ілімдер бар. Әлемдік тіл білімінде жақсы зерттеле қоймаған, қойнын адамзатқа толық аша қоймаған сала бұл. Бәлкім болашақта көп жаңалықтарды осы саладан күту керек болар. Біз, көбінесе, көзбен көріп, қолмен жасалып жатқан жұмыстарды танимыз, білеміз, бағалаймыз. Ал адам баласының санасындағы сілкіністер мен санадағы сан ойларға келгенде, яки ойды басқаруға, ойды іркіуге, дамытуға, жаңаша ойлау арқылы жаңалықтарға баруға селкембіз. Ұллық, мүмкін, ойды басқара алған, ойды қозғалтып ойлата алған адамдарға тән болар. Танылған, бәріне белгілі дүниені ойлау бар да, танылмаған, әлі болмыстың белгісіз белгілерін тануды ойлау бар.

Ой сан тарапқа қашып кетпей, тереңдесе, көп нәрсеге жетуге болар еді. Адам жақсыны да, жаманды да ойлайды. Ойға жамандық көп келе ме, әлде жақсылық көп келе ме? ... Ойдың көрінісі, бейнесі болатын Сөзде сол ой таңбаланып шыққанда, ол сіздің жасаған рухани материалдық игілігіңізге айналады. Жақсы ойдан шыққан жақсы сөз де Сіздің ісіңізге, болашағыңызға әсер етпей қоймайды. Сондықтан жақсы ойды ойлауға ұмтылып, жақсы сөз айту – жарым ырыс. Өлең жолындағы *білім, сөз, талап, кез, нұр, сыр, көз* сөздері жеке алғанда бір-біріне байланыссыз атаулар. Атаулар белгілі бір мағына береді. Ол атаулар күнделікті тұрмыста қолданып жүрген ұғымдардың белгісіне, қасиетіне қарай аталған. Ал өзінің ерекше мәніне тек Абай жазған өлең жолдарында ғана ие болады. Сөздің мәні өлең жолдарында ғана өз қуатында естіледі. Енді атауларға сәуле түсті, Лебізге айналды! Сөз күдірет тауып күшейді, арқаланды, көшелі сөзге айналды. Әркім оны тануға, түсінуге, түйсінуге ұмтылғаны мақұл. Сәулеленген Сөз «жүрегі – айна, көңілі – ояу» жандарға ұғынықты.

Жүрегі – айна, көңілі – ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?

Талапты ер – талантты. Сөз қадірін білуге ұмтылған жан, өзі де өнерге жақын. Сөз ұғар жастарға үндеу – бұл! Білімдіден шыққан сөзді меңгеруге, сөздің нұры мен сырын көруге үндеу! Бұл үндеудің өз тыңдаушысы, өз оқырманы бар. Ол көкірегін ояу, өнерге жақын тұратын, жөн сөзге мойын бұратын, білімдіден шыққан сөзді бағалар өрен. Ал:

Әблет басқан елерме
Сөзге жуық келер ме?
Түзу сөзге сенер ме
Түзелмесін білген ез?

Ал, «ұйқылы-ояу бойкүйез» «ойлағаны – айт пен той, ыржаң-қылжаң ит мінез» сөз тыңдағансып, «айтшы-айтшылап» «ұққыш жансып шабынар», алайда шын көңілімен Сөзді ұға алмас. Бұл жолдар әр замандағы надандықтың келбетін кестелейді. Түзу сөзге сенбесе, сенуге бір көнбесе ез емей кім? Түзу сөзді қабылдамай, жөнге көңгісі келмейтін, сөзді түсініп, сеніп, бағаламайтын жандар аз ба?

Өлеңнің алғашқы жолдарына көңіл бөлейік:

*Біліміден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез, –*

негізгі ой түйіні де, тұжырым да осы. Бұл – Абай бағалауы. Бағаланатын – тыңдаушы, субъект. Бағалау нысанасы (нысаны емес) – СӨЗ. Абай өзінің «Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» деген концептісінен таймайды, қайталайды, тереңдей түседі. Уақыт белгісіз, кеңістік көрінбейді. Демек, мұндай бағалау уақыт пен кеңістікке бағынбайтын болар. Ия, солай. Даналық уақытқа, кеңістікке бағынбайды. Бұл қазақ қоғамына ғана, немесе Абай заманына ғана тән өз заманына ғана қатысты әрекет емес. Бұл үндеу, білімге, оқуға, көргендікке шақыру үндеуі – ежелден келе жатқан тәмсіл. Қасиетті кітаптардың бәрінде оқы, біл сөздері қайталанатыны аян. Өлеңнің атының осылай аталуы да білімге, оқуға шақыруды танытады, анықтай түседі. Абай үндеуі – сөзді ұғуға, сөз мәнін түсінуге, тереңіне барлауға арналған.

Абай данышпанның Қазақ сөзін аспандатып, Сөздің киесін танытты.

Қадыр Мырза Әлінің мына өлеңіне назар аударалық:

Жыр составын жүйткітіп жүргізе алмай,
Шабыттың да қолтығы тұр қыза алмай.
Сен туғыздың, ұлы Абай, жүз ақынды,

Жүз ақын жүр өзінді туғыза алмай.
Уақыт болса зымырап өтіп жатыр,
Шыдамды да шетінен кетіп жатыр.
Күпі киген кемеңгер өзің ғана,
Макинтошты миғұла жетіп жатыр!

Жақсы айтылған. XX ғасырда кеңес мектебіне бармаған, көзі ашық емес қазақ болмады. Жеті жастан мектепке барып, әріп танып, қандай болса да оқығанымыз рас. Бірақ мәселе «Нені оқытты? Нені оқыдық?» дегенге келгенде күмілжитініміз тағы рас... Қадір ақын бағалағандай, жүз ақынды туғызған Ұлы Абайды жүз ақын тани алмай жүрсе, бұл сөз әлеміндегі қасірет емес пе? «Макинтошты миғұлалар» тіркесі бүгінгінің түкке тұрғысыз екенін, Сөзге қосылған жаңалық ойдың жоқтығын паш етер болар. Кемеңгерлік ақылмен, сөздегі асыл оймен байланысты. Күпі киюі қазақ баласының өзіндік ерекше болмысы, өзіндік дүниетанымын анықтар тұс деп қабылдайық.

Өлеңдегі барлық етістіктер нақ осы шақ («өтіп жатыр», «кетіп жатыр», «жетіп жатыр!») пен ауыспалы осы шақта («жүргізе алмай», «қыза алмай», «туғыза алмай») тұр да, тек «Сен туғыздың, ұлы Абай, жүз ақынды» деген тіркестегі «туғыздың» тұлғасы жедел өткен шақ формасын еншілеген. Кездейсоқтық па? Әрине жоқ! Қадірлі Қадір ақынның мықтылығы! Қазақы ойдан туындаған қасиетті тіл қашанда тұлғаланып, Патша Сөзге айналғанда, осылайша, жаңылмай, жасқанбай шығады. «Туғыздың» тұлғасы өткен шақта тұрғанымен, келмеске кеткен өткенді емес, бүгінді және болашаққа шашу шашқан жарқын келешекті, жүз ақынды туғызған ұлылықты, кемеңгерлікті көрсетеді. «Туғыздың» етістігі арқылы берілген сүбелі ой үмітке орын қалдырады. Жүз ақын Абайды туғыза алмай жүргенімен, Абай туғызған жүз ақынның сөзі бар ғой! Демек, қазір «шабыттың да қолтығы тұр қыза алмай» «макинтошты миғұлалар» жетіп жатқанымен үмітсіздікке орын жоқ. Жақсы СӨЗ! Бастысы, сөздің контекстегі мағынасы, Ойдың бүтіндігі.

Таусоғарова А.Қ.,
Мұсалы Л.Ж., Дәрібаев С.Д.

**Сөйлеу актілері
сот-лингвистикалық
сараптаманың
зерттеу нысаны ретінде**

Тұлға сөзі иллокутивті сөйлеу актісі ретінде өз серіктесінің көзқарасына, іс-әрекетіне ықпал етуді көздейді. Сөйлеу стратегиясының (мақсат, ішкі ниет, жоспар) жүзеге асырылуында тура және жанама ықпал ету актілері, түрлі тілдік тактикалар мен тілдік манипуляция маңызды орын алады. Бұл орайда мәжбүрлеу, кеңес-нұсқау беру, ақыл айту, қорқыту, қайсыбір қылмысты іске арандату тұрғысынан ықпал етуге құрылған сөйлеу актілері сот-лингвистиканың зерттеу нысанына айналады. Мақалада қылмысты іске арандату белгілерін қамтитын сөйлеу актілерінің заңгерлік аспектілері қарастырылады. Сот-лингвистикалық сараптама тәжірибесінде орын алған коммуникативтік жағдаят үдерісіндегі сөйлеу актілеріне прагматикалық сипаттау әдісі көмегімен талдау жасау үлгісі көрсетіледі.

Түйін сөздер: сөйлеу актілері, тілдік тактика, тілдік стратегия, сот-лингвистикалық сараптама, тілдік манипуляция.

Tausogarova A.K.,
Mussaly L.Zh. Daribaev S.D.

**Speech acts as an object of
research of legal-linguistic
expertise**

In the process of the act of communication the speech of a subject is directed to a recipient and the result of this is an impact on his behavior. In realization of speech strategy (the purpose, plan as internal intention, plan) the direct and indirect speech acts, various speech tactics and speech manipulation play the main role. In this regard speech acts created to make an influence with an intention of instigation to some illegal actions and also to express threat, advice, recommendation, motivation become the subject of a judicial and linguistic research. In the article the linguo-legal aspects of speech acts reflecting the signs of motivating to take an action contrary to law are considered. Examples of the analysis of the speech acts taking place in practice of judicial and linguistic examination by means of their pragmatical description are specified.

Key words: speech acts, speech tactics, speech strategy, judicial and linguistic examination, speech manipulation.

Таусоғарова А.Қ.,
Мұсалы Л.Ж., Дәрібаев С.Д.

**Речевые акты как объект
исследования судебно-
лингвистической экспертизы**

В процессе акта коммуникации речь субъекта направлена на реципиента, результатом чего является воздействие на его поведение. В осуществлении речевых стратегий (цели, замысла как внутреннего намерения, плана) важное место занимают прямые и косвенные речевые акты, различные речевые тактики и речевое манипулирование. В связи с этим предметом судебно-лингвистического исследования становятся речевые акты, созданные для воздействия с намерением подстрекательства к некоторым противоправным действиям, а также для выражения угрозы, совета, рекомендации, побуждения. В статье рассматриваются лингвоправовые аспекты речевых актов, отражающие признаки побуждения к совершению некоторых противоправных действий. Указываются примеры анализа речевых актов, имевших место в практике судебно-лингвистической экспертизы, при помощи их прагматического описания.

Ключевые слова: речевые акты, речевая тактика, речевая стратегия, судебно-лингвистическая экспертиза, речевое манипулирование.

СӨЙЛЕУ АКТІЛЕРІ СОТ- ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Бүгінгі күні қоғам өмірінде тілдің тұлғааралық, сондай-ақ түрлі салалардағы әлеуметтік қолданысы мен қызметі барысында таңба ретіндегі тілдік бірліктердің интерпретаторлар тарапынан қабылданатын функционалдық-семантикалық ерекшеліктеріне орай туындайтын қақтығыстардан бөлек, тіл көмегімен тұлғаны қайсыбір заңсыз әрекетке итермелеу, арандату немесе қорқыту деректерінің орын алуына байланысты сөз, сөйлем, мәтін, оның ішінде, диалог, полилог, дискурсқа дейін тіл білімі мен заңгерлік салалар тоғысында пайда болған сот-лингвистикалық сараптаманың зерттеу нысанына айналып отыр.

Осы соңғы көрсетілген дерек орын алған жағдайда соттық істегі субъектілер тарапынан қойылған төмендегідей сұрақтар негізінде лингвист-маманның ғылыми-әдістемелік зерттеу жүргізуі қажет етіледі: 1) «Лингвистикалық зерттеуге ұсынылған нысандарда (бейнежазба және дыбысжазба және олардың стенограммаларында) «Х» пен «М» және «Х» пен «У» арасындағы әңгімелерден оның алдын ала ұйымдастырылғаны я жоспарланғаны және осы тұлғалардың өзара келісілген ортақ іс туралы сөйлескендері көріне ме? 2) Лингвистикалық зерттеуге ұсынылған нысандарда (бейнежазба және дыбысжазба және олардың стенограммаларында) «Х» пен «М» және «Х» пен «У» арасындағы әңгімелердің мазмұнынан олардың бірінің екіншісіне осы диалогтарда орын алған әрекетке баруына ықпалы байқала ма?

Ұсынылған сұрақтарға түсінік беру үшін жүргізілген лингвистикалық зерттеуде сөздер мен сөйленістер лексика-семантикалық, функционалды-коммуникативтік және олар өзара логика-семантикалық байланыстары тұрғысынан қарастырылды. Сондай-ақ лингвистикалық талдау барысында сөйлеу актілерінің теориясы мен сөйлеу коммуникациясы теориясының ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынады.

Көпшілік жағдайда диалог мәтінінен тұлғалардың өзара келісілген ортақ іс туралы сөйлескендерін анықтауда дейксистердің мағынасы мен қызметіне талдау жасау қажет етіледі. Мысалы, «Х» деп шартты түрде белгіленген тұлғаның «Не болып жатыр жұмыстарың, анау делоларың?» сөзіндегі *анау* сілтеу есімдігі *дейксистік қызметте* тұрып, коммуниканттардың екеуіне де белгілі нәрсені, жағдайды білдіреді.

Лингвистикада «дейксис (грек тілінде δειξίς – нұсқап көрсету) – лексикалық және грамматикалық құралдар арқылы білдірілетін тілдік бірліктің мағынасына я қызметіне нұсқау.

Дейксис аясында мына мәселелер қамтылады:

– Сөйлеу актілеріне қатысушыларды нұсқау (рөлдік дейксис), жіктеу, тәуелдік есімдіктер (мен, сен, менің, сенің) арқылы білдіріледі.

– Сөйленіс нысанының арақашықтық деңгейін нұсқау, сілтеу есімдіктері арқылы білдіріледі (анау – сол, мынау – осы).

– Мезгілдік және кеңістіктік шектікті (хронотоптық дейксис) нұсқайды да, есімдіктік үстеулермен білдіріледі (*осында, қазір*)» [1, 97].

– Дейксистер коммуниканттардың екеуіне ғана белгілі жағдай немесе нысан туралы сөйлескенде, сондай-ақ басқаларға түсініксіз немесе басқалардың хабары жоқ нәрсені, жағдайды жасырын нұсқау қызметінде де қолданылады. Мысалы, Х: – Кешегі ана шаруамызды не істейміз? У: – Иә, *соны* ақылдасайық.

Талданылып отырған Х-тің сөзінде *анау* сілтеу есімдігі коммуниканттардың екеуіне де белгілі, алдында сөз болған жағдай немесе нысан туралы ойды білдіріп тұр.

Сондай-ақ, мына диалог үзіндісінде қолданылған дейксистік қызметтегі тілдік бірліктер де тұлғалардың өзара, яғни екеуіне белгілі іске байланысты алдын ала келісімдері болғанын өз мағыналарында қамтиды:

У – Немен бітетін шығар, дұрыс болатын шығар деп жатырмын да.

Х – Немен дейсің? Конкретно айтсай ашып, қорықпа оны.

У – Жаңағымен да, келісілгенмен.

Х – Ммм.

Диалогтан алынған бұл үзіндіде «У» деп белгіленген тұлғаның сөздері өзара себеп-салдарлық қатынаста құрылған: У аталмыш «істің» «немен, яғни дұрыс» аяқталатынына үміттенеді, себебі ол келісілген. Осы контекстегі *немен, сондай-ақ жаңағымен* сөздері де белгілі бір дәрежеде алдыңғы келісілген нәрсені я істі нұсқап, дейксистік қызмет атқарып тұр. Х бұл келісілгендік туралы біледі, себебі ол «қай келісілгенмен?» деген сұрақ қоймайды, сөйлеу актілеріндегі қолданыстарына «– Ммм» деген гезитация сөйлеу жағдаятына қарай тұлғаның жауап іздестіру, ойланып қалу, сөзден тосылу жағдайларымен бірге, өзіне берілген ақпаратты түсінгендігін де білдіреді.

Талданылып отырған контексте Х тарапынан айтылған «Ммм» гезитациясы Х-тің «келісілген» шаруадан хабары бар екенін білдіреді. Өйткені,

осы үзінділерді одан кейінгі сөйлеу актілерімен логика-семантикалық байланыста алатын болсақ, «келісім»-нің болғаны анықтала түседі:

У – Қайрекең не деп жатыр деймін? Машинада.

Х – Алып келсейші, иә.

Мұндағы У-дің «Машинада» сөзі Х-ке тағы да түсінікті. Оның тарапынан «машинадағы нәрсенің не екені» туралы сұрақтың туындамауы және осы Х-тің «Алып келсейші» сөзі оның (Х-тің) машинада не бар екенін, У-дің нені алып келетінін білетінін, ол туралы алдын ала келісілгенін я хабары бар екенін білдіреді.

«Х» және «У» арасындағы әңгіменің тақырыбы, Х пен У-дің әрқайсысының рөлдері, *анау* дейксисі арқылы нұсқалып тұрған әңгіме нысаны туралы жасырын мән диалогтағы сөйлеу актілерінің тұтас логика-семантикалық байланысында анықталады.

Жалпы сот істері субъектілері тарапынан жоғарыда көрсетілгендей сұрақтар тұлғалар арасындағы бір ғана диалогпен шектелмеуі мүмкін, яғни лингвистикалық зерттеу нысанына тұлғалардың екі немесе одан да көп диалогтары ұсынылуы мүмкін. Мұндай жағдайда сол диалогтар тақырыптарының өзара сабақтастығы мәселесі де қарастыруды керек етеді. Мысалы, «Х» мен «М» арасындағы №1 диалогтың дыбысжазбасы мен «Х» пен «У» арасындағы диалогтың бейнежазбасы өзара байланысты, екеуі де бір ғана тақырыпқа құрылғанын осы екі диалогта ортақ қолданылған тілдік бірліктерден аңғаруға болады.

Екі (дыбыс және бейне-дыбыс) жазбадағы диалогтардың мазмұндық және өзара логика-семантикалық байланысына қарағанда, әңгіме М және У-ге қатысты қозғалған тергеу ісі және соған байланысты әрекеттер туралы. Бұл дыбысжазбадағы М-нің «Кіммен барайын, енді *адвокатыммен* бара берейін ба? сөзінен, ал бейнежазбадағы Х-тің «...*анау делоларың* не болып жатыр?, «Олар сендерді нағып жатыр ғой, кеше *тергеудің* балдарынан сұрасам, кезінде жанағы сендерге жауып жатқан сияқты ғой бәрі» көрінеді.

Ал Х – олардың ісінің оң шешілуіне мүдделі, «ара ағайындық» қызмет көрсетуші. Х-тің «ара ағайыншылығы» Х пен М арасындағы әңгіменің дыбысжазбасындағы Х-тің өз сөзінен (Аа (күлкі) қорқақ, оны мен аналарға айтуым керекта, *ана жігіттерге* сол ол да барма, соның ішінде ия дұрыс қой онікі қанша, сіздікі қанша? *соны мен аналарға* бір ауыз айтуым керек қой) және М-нің «Екеуінікі осы десеніз болды ғой, не қылады,

Накеңнің тапсырмасы, болды ғой» деген сөздерінен байқалады.

Х пен У арасындағы диалог бейнежазбасының да, сондай-ақ Х пен М арасындағы диалогтың дыбысжазбасынан да алдынала ұйымдастырылғаны және ол туралы Х-тің білгендігі оның (Х-тің) өзара қайшылықты немесе бір біріне кереғар сөйлеу актілерінен байқалады.

У-дің «машинада» сөзі мағыналық және грамматикалық жағынан толымсыз болып табылады. Аталмыш сөз кімнің я ненің ? «машинада» екенін анықтауды керек етеді. Ал «машинада» сөзіне дейінгі сөйлеу актілерінде де, одан кейін де бұл сұраудың жауабы көрініс таппаған. Яғни, бұл алдыңғы, яғни осы диалогқа дейінгі келісімді, алдыңғы жағдаятты тірек етіп тұр. У-дің «... машинада» деген сөзін Х бірден түсініп (М-нің машинадан нені алып келетінін, машинадағы нәрсенің не екенін біледі), «алып келсейші» деп мүдделілік танытады. Бұдан әрі диалогта У-дің «бір-екі парак берші деймін, алып келейін» дегеніне де ықылас білдіреді: *Х – болды кел, келе бер болды ешкім жоқ, кабинеттемін ғой.*

Яғни, Х «алып келсейші» деген өз сөзі арқылы У-ді сол әрекетке бағыттаса, кейінгі сөзі арқылы (болды кел, келе бер болды ешкім жоқ, кабинеттемін ғой) У тарапынан жасалатын сол әрекеттің қауіпсіздігіне сендіреді. Сөйлеу актілерінің теориясына сәйкес «кез келген сөйлеу актісі сөйлеушінің қайсыбір мақсатқа бағытталған және тыңдаушыға ықпал етуді көздейтін ықпал ету күшіне ие иллокутивтік акт» [2, 31] екенін ескерсек, Х-тің талданылып отырған сөйлеу актісінде көздеген ниеті мен мақсаты – У-ге машинадағы нәрсені кабинетке алдыру.

Х пен У арасындағы диалог бейнежазбасының мәтінінен Х-тің сөйлеу актілері өзара қайшылықты немесе бір біріне кереғар мазмұнда құрылған. Алдыңғы сөзінде Х-алып келсейші дей тұрып, кейінгі сөзінде У машинадан әкелінген, қағазға оралған нәрсені (ақшаны) ұсынғанда, Х түсінбеген сыңай танытады: *Х – Бұл не? Жоқ қанша? А бесеу ма?*

Оның бұл сөзі алдыңғы сөзіне қарсы келеді, себебі, ол У-дің машинадан нені алып келетінін білген.

Осы бейнежазбадағы Х пен У-дің арасындағы сөз алмасуларға қарағанда, У-дің ақшаның санын нақтылап айтқысы келмейтіні, қашқақтайтыны байқалады. Ал Х-тің сөйлеу актілерінде оның қалайда У-дің өз аузынан ақша санын нақты және кімдердің аттарынан ұсынылып отырғанын

дауыстатып айтқызу ниеті көзделгені оның бір мазмұндағы қайталанып қойылған сұрақтарынан көрінеді:

У – Бес жүз

Х – Сенікі де бар ма, оның ішінде? Или әкімдікі ма?

У – Әкім екеуі деп айтқан ғой өзі

Х – Екеуіндікі ма? Өзі қайда әкімнің?

.....

Х – Мм, сенікі жартысы ма сонда? Қаншасы сенікі?

У – Білмим (білмеймін) общий дедік қой – екеу, сөйтіп айтқан ғой..

Х – Қанша сонда? Айтсай (айтсаңшы) сөзбен

У – Бес жүз, бес жүз

Х – Бес жүз не ол? Бес жүз мың теңге ма? Или бес жүз доллар ма?

У – Жоқ, бес жүз мың теңге

Жалпы тұлғаның иллокутивті сөйлеу актісінде адресатты иландыру, өз сөзіне сендіруде аргумент маңызды компонент болып табылады. Мысалы, Х тұлға мен М арасында өтетін келесі диалогта М-нің өз аузынан ақша санын нақты және кімдердің аттарынан ұсынылып отырғанын дауыстатып айтқызу стратегиясын жүзеге асыруда Х серіктесінің сөзін құптай отырып, сол уақытта өзінің бұл әрекетінің амалсыздығын, яғни аргументін алға тартады: «Ия, дұрыс қой, оныкі қанша, сіздікі қанша – соны мен аналарға бір ауыз айтуым керек қой».

Х-тің сөйлеу актісі серіктесін түсінгендік сыңай таныта отырып, өзінің де лажсыздығын (аналарға бір ауыз айтуы керек) білдіру арқылы жанама ықпал етуге бағытталады.

Х-тің жоғарыда көрсетілген сөйлеу стратегиясын жүзеге асыруда тағы бір қолданатын тілдік тактикасы мұндай істегі өз білгірлігін танытып, кеңес бергендей түр көрсетуі әрі серіктесінің соншалықты сақтық танытып, өзіне сенімсіздік көрсетуінің жөнсіздігіне кейіген сыңайы арқылы ықпал етуі:

М – Екеуіміздікі ғой

Х – Жарты жартысынан ба или қалай?

М – Бірге

Х – Точно айту керек қой ондай сөзді, оны ашық айта берсеңізші болды ғой.

Сонымен бірге, осы диалогта Х өзінің қандай ниет (М-нің өз аузынан ақша санын нақты және кімдердің аттарынан ұсынылып отырғанын дауыстатып айтқызу) көздеп отырғанын М-нің сезіп қалмауы үшін, осы іске соншалықты мүдделі емес сияқты түр көрсетеді:

Х – Екеуіңіздікі болғанда тең жарты жартылай ма или сіздікі... ол да кредит, бір бәле болып,

алып қиналып қалып жүрмесін, ұзын болып итак кебіп (кеуіп, азып-тозып) қалыпты ғой, өзім де таң қалыппын.

Х-тің бұл сөйлеу актісі өз тарапынан М-дерді аталмыш әрекетке мәжбүрлеу көрсетіп тұрмағанын ишараттауға, өзінің бұл іске ықпалы жоқ екеніне иландыруға құрылған, алайда диалогтың мазмұн тұтастығында қарастырғанда, оның бұл сөзі жалған жана-шырлық ретінде түсіндіріледі. Өйткені М ұсынған «нәрсе» кері қайтарылмай, Х тарапынан қабылданады.

Сондай-ақ, «Өздерің қылмыс жасап мені де қылмысқа итермеледіңдер енді» және «Бес жүз мың теңге, негізі мені қылмысқа итермеледіңдер, өздеріңнің қылмыстарың аздай, заңсыз іс-әрекеттікке, кейін хабарласам», Х-тің бұл сөйлеу актілері сөйлеу коммуникациясындағы шынайылық, ақиқатқа сәйкестілік, иландыру өлшемдері жағынан сәтсіз болып табылады. Л.М. Шайкенова [2] көрсеткендей, «Мур парадоксы рухындағы сөйленістер – іштей қарама-қайшылықты сөйленістер» тұрғысынан алғанда, Х бұл іс-әрекеттің заңсыз, қылмыс екенін біледі, бірақ сол заңсыз, қылмыстық іс-әрекетке барады, оның айтуынша, бұған оны У-лер мәжбүр етіп отыр. Бұған дейінгі сөздерінде Х машинадан осы қылмыстық істің объектісін алып келуге өзі бұйырады: Х – «Алып келсейші».

Бұл жағдай, яғни, Х сөздері – сөйлеу актілері теориясында көрсетілгендей, коммуникациядағы шынайылық максимінің бұзылғанын көрсетеді «Мен келдім, бірақ менің келгенімді оған айтпа» немесе қорқытып тұрып, «Бұл менің сені қорқытқаным емес» деген сияқты өзара логикалық жағынан қайшылықты сөйлеу [2, 35].

Х сөздерінің өзара логикалық жағынан қайшылықты құрылуы оның осы заңсыз істе өзін кінәсіз етіп көрсетуді көздеген коммуникативтік ниетімен, коммуникативтік мақсатымен орайлас жатыр.

Ал «Лингвистикалық зерттеуге ұсынылған нысандарда (бейнежазба және дыбысжазба және олардың стенограммаларында) «Х» пен «М» және «Х» пен «У» арасындағы әңгімелердің мазмұнынан олардың бірінің екіншісіне осы диалогтарда орын алған әрекетке баруына ықпалы байқала ма?» деген сұраққа жауап беруде сөйлеу коммуникациясы теориясының ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынуы тиіс.

Лингвистикада тілдің коммуникативтік қызметтері қатарында оның фатикалық, яғни өзара тілдік қарым-қатынасқа түсетін коммуниканттар әңгімесінің өрбуіне құрал ретінде қолдана алу

қабілеті қарым-қатынас орнатушылық қызметі тұрғысынан анықталады [3, 197].

Сөйлеу коммуникациясындағы бұл теориялық тұжырымға сәйкес әңгіме желісінің коммуниканттардың қалауына сәйкес өрбуі, әңгіменің басқа бағытқа қарай өзгеруі, сондай-ақ әңгіменің сәтті я сәтсіз (өзара ымыраға келу немесе келмеу) аяқталуы сол диалогқа түсуші коммуниканттардың тілдік стратегиялары (сөйлесу жағдайындағы коммуникант мақсатының алдын ала жоспарлануы) мен тілдік тактикаларына (сөйлесу үстінде коммуниканттардың сол өз мақсатына жету үшін тілдік амал-тәсілдерді қолдануы: аргумент, сендіру, иландыру, қорқыту т.б.) тікелей байланысты.

Сондай-ақ, сөйлеу коммуникациясы теориясында тұлғааралық өзара қарым-қатынаста коммуниканттардың сөйлеу актілері қызметтеріне қарай адресатты қайсыбір әрекетке итермелеу, оның еркіне ықпал ету ерекшелігіне қарай еріктік-ықпалды сөйлеу актісі (побудительная речь); өзара белсенділіктің артуы үшін ынталандыру мақсатын көздейтін интерактивті сөйлеу актілері; тұлғааралық қарым-қатынаста индивидтердің өзара ортақ істеріне байланысты бір-біріне әрекет ету жағынан бағытбағдар беру, түзету ниеттері қамтылатын регулятивті-коммуникативті және тұлғааралық қарым-қатынастағы ортақ істе индивидтердің өзара тепе-тең әрі келісімді түрдегі сөздерінен құралатын координативті түрлері ажыратылады [https://ru.wikipedia.org/wiki].

Лингвистикалық зерттеуге ұсынылған диалог мазмұнына қарағанда, Х-тің бұл кездесудегі коммуникативтік стратегиясы – М және оның «анау...қашып жүрген адам»-ының тергеу ісіне байланысты көрсетілген қызметтерге ұсынылатын ақша сомасының мөлшерін және оның нақты кімдердің үлесі екенін М аузынан дауысталған түрде есту.

Х нақты сома санының М аузынан айтылуы үшін 2 түрлі тілдік тактика қолданған. 1) М-нің қашыртпа жауап беруінің себебін түсінгендей сыңай білдіре отырып, алайда өзінің де мойнына алған міндеттемесін алға тартуы: 'Х аналарға бір ауыз айтуы керек':

Х -ия дұрыс қой, онікі қанша сіздікі қанша соны мен аналарға бір ауыз айтуым керек қой;

2) М-ге өзара істерінде ресми қарым-қатынастың аяқталып, құпиясыз өзара ашық әңгімелесуге болатынын алға тарту арқылы сеніміне енуі: Х – точно айту керек қой ондай сөзді, оны ашық айта берсеңізші болды ғой.

Екінші бейне-дыбысжазбада Х-тің сөйлеу актілері У-дің өзін я өздерін кінәлі сезінуіне, бойында қорқыныштың, үрейдің пайда болуына ықпал ету деңгейінде құрылған:

Х – Че дурыспа бәрі? Не боп жатыр жу-мыстарың ана делоларың, возмещение барма өзі? (У өз тараптарынан возмещение болған / болмағанын нақты айта алмайды) және Х-тің «Ия, басында өздерің бала санын тексермей сөйтіп құртқансыңдар ғой бәрін, ақшаны аударып» сөздері У-дің өздерін кінәлі сезінуіне ықпал етсе, сондай-ақ Х-тің «Олар сендерді нағып жатыр ғой кеше тергеудің балдарынан сұрасам, кезінде жанағы сендерге жауып жатқан сияқты ғой бәрі» У бойында үрейдің пайда болуына ықпал етуі мүмкін.

Шынында да, У-дің сөздері бірден Х-тен жәрдем күткен қалыпта шығады:

У – енді Қайрекең екеуңіз

Х-жоқ мен шет жағасын сұрап білдім да

У-енді жанағымен бітетін шығар

Х-ау

У-жанағымен бітетін шығар, дұрыс болатын шығар

Бұл жерде Х өзінің коммуникативтік стратегиясына сәйкес (У-ге ақша сомасын айтқызу және оны беруге ықпал ету) У-дің ашық сөйлеуіне ықпал етіп, сеніміне ену үшін тілдік құралдарды қолданады: Х-немене дейсің, конкретно айтсай ашық, қорықпа.

Және Х бұл заңсыз істе өзін ақтап, У-лерді кінәлі етіп көрсету мақсатындағы коммуникативтік стратегиясын жүзеге асыру үшін «Өздерің қылмыс жасап мені де қылмысқа итермеледіңдер енді; – Бес жүз мың теңге, негізі мені қылмысқа итермеледіңдер, өздеріңнің

қылмыстарың аздай, заңсыз іс-әрекеттікке» деп, олардың (У-лердің) қылмыстарын дәйек ретінде тағы да алға тарта отырып (өздерің қылмыс жасап, өздеріңнің қылмыстарың аздай) өзін құрбан ретінде көрсету тактикасын қолданады. Мұнда Х тарапынан айтылған «өздеріңнің қылмыстарың аздай» сөзі әлі де істің анық-қанығына, өздері тарапынан заңсыздықтың орын алған-алмағанына көзі жетпесе де, өздерін кінәлі сезініп тұрған У-дің толығымен жеңілісіне, шынында, өзін қылмыскер деп түйсінуіне ықпал етеді.

Лингвистикадағы сөйлеу коммуникациясы, сөйлеу актілері теориясына сәйкес Х-тің аталмыш сөздері тілдік манипуляция ретінде қарастырыла алады. Тілдік манипуляция – сөйлеу актісінде ықпал етудегі *тілдік тактикалардың бірі, ол адресаттың* менталдық ерекшеліктеріне, жалпы білімі мен ықыласына, көзқарасы мен пікіріне, психологиялық жағдайына, мінез-құлқына сәйкес ұйымдастырыла отырып, сол арқылы оның сана-сезіміне білдірмей ықпал етуге, қалыптасқан ойын, пікірін өзіне тиімді бағытта өзгертуге тілдік әрекет етіледі. Бастысы, бұл тұрғыдағы айтылған сөз я сөйлеу актісі – логикалық тұрғыда іштей қарама-қайшылықты, сөйлеуші тарапынан шындық шарты бұрмаланған сөйленістер мен сөз тіркестері [5, 201].

Қорыта келгенде, жоғарыда талданылған диалог үзінділері тілдің тек қана қарым-қатынас құралы ғана емес, әрекет құралы ретіндегі де қызметінің зор екенін танытады. Бұл орайда тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің әрқайсысының сөзі өз тарапынан қайсыбір мақсат-мүдде шешіміне бағытталаып, сол тұрғыда адресатқа (тыңдаушыға) ықпал етуді көздейтін иллюкутивтік акт болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Крылов С. А. К типологии дейксиса // в сб.: Лингвистические исследования, ч. 1. – М., 1984.
- 2 Шайкенова Л.М. Сөйлеу актілерінің теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 66 б.
- 3 Термины и понятия лингвистики: Общее языкознание. Социоллингвистика: Словарь-справочник. – Назрань: ООО «Пилигрим», 2011.
- 4 <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
- 5 Таусоғарова А.Қ. Тілдік қақтығыс: заң тоғысы, тәжірибе, шешім: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 215 б.

References

- 1 Krulov S.A. K tipologii deiksisa // v sb.: Lingvisticheskie issledovaniya, ch. 1. – M., 1984.
- 2 Shaikhenova L.M. Soileu akti lerinin teoriyasu. – Almaty: Kazak university, 2007. – 66 s.
- 3 Termini i ponyatiya lingvistiki: Obshee yazukoznanie. Sotciolingvistika: Slovar'-spravochnik. – Nazran' OOO «Piligrim», 2011.
- 4 <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
- 5 Tausogarova A. K. Tildik kaktugus: zan togusu, tazhiribe, sheshim: Monographiya. – Almaty: Kazak university, 2016. – 215 c.

3-бөлім
**ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ
ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

Раздел 3
**МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ
ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

Section 3
**METHODS OF TEACHING LANGUAGE
AND LITERATURE**

Әбдиманұлы Ө.

**«Әдебиет танытқыш» пен
«Сөз өнеріндегі» әдеби таным
үндестігі**

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет зерттеушісі, әдебиеттанушы ғалым, қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдебиет теориясының негізін салушы ретіндегі көшбасшылық қызметі, қазақ әдебиеттануындағы әдебиет теориясын ғылыми тұрғыдан қалыптастырған академик Зейнолла Қабдолов еңбегімен салыстырмалы түрде қарастырылады. А. Байтұрсынұлының жарық көргеніне 90 жыл толған «Әдебиет танытқыш» еңбегі мен З. Қабдоловтың бұл еңбектен 50 жыл кейін басылып шыққан «Сөз өнері» еңбегін салыстырмалы түрде қарастыру арқылы аталмыш зерттеулердің өз уақытындағы жаңашыл ғылыми мән-мағынасы нақтыланады. Қос еңбектегі дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық сипат ашылады. Мақала авторының А. Байтұрсынұлы еңбегінде көрініс тапқан теориялық мәселелердің З. Қабдолов еңбегінде түбегейлі қаралып, қазақ әдебиетінің төл ерекшелігіне қатысты теориялық қағидаға айналуының маңызын байыптауы – іргелі ізденіс белгісі.

Түйін сөздер: әдебиеттану, әдебиет теориясы, әдебиеттанушы ғалым, дәстүр, жаңашылдық, ғылыми зерттеу, қазақ әдебиеті, әдістеме, әдеби термин, шығарма тілі, сөз өнері.

Abdimanuly O.

**The Harmony of the literary
knowledge in The «Introduction
to the Literary Studies» and «The
Art of Rhetoric»**

The article deals with the comparative analysis of works by Academician Zeynolla Kabdolov on the theory of literature by Akhmet Baitursynov who is the literature scholar, father of Kazakh literary science, the founder of the Kazakh Literature Theory. At the comparative analysis of Baitursynov's «Introduction to the Literary Studies», published 90 years ago, and «The art of rhetoric», published 50 years later, there have been studied innovative and scientific values of the above-named researches of that time. In two works the innovative description and continuity of traditions are revealed. Based on the peculiarities of the Kazakh literature, the theoretical problems discussed in A. Baitursynov's works have been reflected in Z. Kabdolov's works where the given issues have been thoroughly studied and became a basis of the theoretical principles. Consideration of the importance of these researches is a sign of fundamental doctrines of the author of the given article.

Key words: literary studies, theory of literature, scientist-literary critic, tradition, innovation, scientific research, Kazakh literature, methodology, literary term, composition language, the art of rhetoric.

Абдиманұлы О.

**Гармония литературного
познания в «Введении
в литературоведения» и
«Искусстве слова»**

В статье представлен сравнительный анализ трудов по теории литературы Ахмета Байтұрсынұлы, исследователя литературы, родоначальника казахской литературоведческой науки и основоположника теории казахской литературы, академика Зейнолла Кабдолова. При сравнительном анализе трудов А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» («Введение в литературоведение»), изданного 90 лет назад, и «Сөз өнері» («Искусство слова») З. Кабдолова, изданного 50 лет спустя, были изучены новаторское и научное значения вышеназванных исследований того времени. В этих трудах раскрыты их новаторство и преемственность традиций. Исходя из особенностей казахской литературы теоретические проблемы, затронутые в трудах А. Байтұрсынұлы, нашли свое отражение в работах З. Кабдолова, где данные вопросы были основательно изучены и стали основой теоретических принципов. Обозначение значимости данных исследований является признаком фундаментальности учений автора данной статьи.

Ключевые слова: литературоведение, теория литературы, ученый-литературовед, традиция, новаторство, научное исследование, казахская литература, методология, литературный термин, язык сочинения, искусство слова.

**«ӘДЕБИЕТ
ТАНЫТҚЫШ» ПЕН
«СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ»
ӘДЕБИ ТАНЫМ
ҮНДЕСТІГІ**

Биыл Сөз өнерінің құдіретін танытып, тылсым сырын ашқан қос оқулықтың біріне – 90 жыл, екіншісіне – 40 жыл толып отыр. Олардың әдебиеттану іліміндегі орны қашанда биікте, ал тарихы тереңде.

Қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет теориясына арналып жазылған тұңғыш еңбек А. Байтұрсынов қаламынан шыққаны белгілі. Бірақ ол қажет кітап болса да, ұзақ уақыттар ғылыми айналымға енбей, оқыту үдерісінде қолданыс таппай келді. Бұл туралы өзінің атақты «Сөз өнері» кітабының 1992 жылғы басылымында академик Зейнолла Қабдолов: «жетпісінші жылдарға шекті студент-филологтардың қолында жүрген бірден-бір құрал – Қажым Жұмалиевтің орта мектепке арналған «Әдебиет теориясы» ғана; ал Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926), Есмағамбет Ысмайловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) атты кітаптары белгілі себептермен пайдалануда болмағаны мәлім» [1, 4 б.], – деп жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет зерттеушісі, әдебиеттанушы ғалым ретіндегі тұлғасын айқын танытатын аса күрделі, өз уақытындағы жаңашыл зерттеу еңбегі – Зекең айтқандай, 1926 жылы Ташкентте басылған «Әдебиет танытқыш». Биылғы жылы оның жарық көргеніне 90 жыл толды. Ал енді мына қызыққа қараңыз, әдебиеттану ғылымындағы Ахаң дәстүрін жалғастырушы, қазақ әдебиет теориясы ілімін дамытушы академик З. Қабдоловтың алдағы жылы 90 жылдығы. Мұның өзі көзге көрінбес рухани байланыстың бір көрінісі болса керек. Сабақтастық астарында тылсым сыр бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

Осынау толымды ғылыми еңбек – қазақ топырағында әдебиет тарихы мен теориясы туралы жазылған тұңғыш кең көлемдегі жүйелі зерттеу. Сонымен қатар, ол кезінде жоғары мектепте оқулық ретінде де пайдаланылды. Әрине, қолданыста көп бола қойған жоқ. Шығарушының жазықсыз жазаға ұшырауына орай, қолданыстан алынып, ұзақ уақыт бойы ғылыми айналымнан алыстатылып, қазақ руханиятындағы орны толмас өкінішке айналды. Сөйтіп, оны тарихтың «ақтаңдағының» қатарына жатқызып, санамыздан өшіре бастадық. Бүгінде сөз өнерінің ажарын ашқан асыл еңбекпен қайта табысып, әдебиет жайлы ой-танымымыздың әу бастағы алтын арнасы-

мен қайта қауышып, талғам мен танымның тұнба тұнығынан нәр алудамыз.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиеттану ғылымы саласындағы басты кітабынан саналатын бұл еңбегі әдебиеттің әсемдік әлемін, көркем сөз табиғатын, сөз өнерінің сырын, мазмұны мен мәнін, мақсаты мен міндетін, әдебиеттің өнер түрі ретіндегі өзіне ғана тән қасиеті мен ерекшеліктерін, асыл сөздің адам дүниетанымын, қоғамдық көзқарасын қалыптастырудағы алар орнын ғылыми түрде жүйелеп түсіндірумен түйсіндіруге жасалған тұнғыш қадам, алғашқы талпыныс болуымен құнды. Қазақ деген халықтың ерте дәуірлерден қалыптасқан көркем сөз өнерінің ішкі болмысына ғылыми-теориялық пайымдаулар арқылы дендеп ену, 20-жылдардағы жас қазақ әдебиеттану ғылымының биік көрсеткіші екені дау туғызбаса керек. Осынау Ахаң ақыл-ойы мен терең білімдар білімпаздығының жемісі түркі дүниесіндегі алғашқы теориялық еңбек екенін ескерсек, оның құны тіптен арта түседі. Шындығында, бұл өте бағалы еңбек. Бірақ біздің әдебиет теориясымен айналысушы ғалымдарымыз бұл еңбекті бүгінгі күн талабына үйлестіре алмай-ақ келеді.

Ахмет Байтұрсынұлының осы еңбегін жаңа заман, уақыт рухына сай таныту мен танудың бастау көзінде тұрған Ахаңнан кейін әдебиеттану ілімін биікке көтерген және оны бүгінгі күн талабына үйлестіруді мақсат тұтқан, ғұлама ғалым, қазақ сөз өнері теориясын қалыптастырушылардың бірі академик Зейнолла Қабдолов болатын. Ол 1988 жылы алаш арыстарының шығармашылық тұлғалары ақталысымен Ахаңның әдебиеттанушылық еңбектері туралы алғашқылардың бірі болып ой айта бастады. Сонан-соң алғашқы ойларын ғылыми тұрғыдан талқыға салып, ғылыми ортаға алып шықты. Мәселен алаш арыстарының ортамызға оралуына орай Қазақстан жазушылары өткізген ғылыми конференцияда (1990) жасаған «Ахаң һәм әдебиеттің әліпбиі» атты баяндамасында: «Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқышы» арқылы қазақтың таза ұлттық топырағына егіп-өсіріп, жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін Ахаңша есіліп, Ахаңша көсіліп бір толғап берді. Бұл сөз өнерінің басы – «Әліпбиі», – деп, А. Байтұрсынұлы еңбегін қазақ әдебиеттануының бас кітабы ретінде бағалады.

Зекеңнің түйінді тұжырымдары бойынша Ахаң кітабының сөз өнерінің «әліпбиіне» саналу себебі ол алғашқы болып әдебиет атты әлемнің сырына ұлттық таным арқылы жол тапты. Қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиетпен тоғысар арнала-

ры мен төл көркемдік құбылыстарының құпияларын ашты. Сөйтіп, ұлттық сөз өнерінің әлемдік көркемдік дүниетанымының бір бөлшегі екенін, сонымен қатар, оның өзіне ғана тән ерекшелігі мен өзгешелігі барлығын нақты мысал, бұлтартпас дәлелдер негізінде дәйектеп берді.

Енді бір сәт бүгінгі дуалы ауыз қазақ білімпаздарының ұлттық әдебиеттануымыздағы ұлы еңбек туралы пікірлеріне назар аударып, Зекең толғаған ой-пікірлерге тиянақ іздеп көрелік. Ахаң шығармашылығына «көзайым» болысымен-ақ әдебиет тарихының білгірі, академик Р. Нұрғали «Әдебиет танытқыш» туралы алғаш болып пікір білдіріп, кейін оны толықтыра отырып, толымды тұжырымдар жасаған-ды. Мәселен ол «Қазақ әдебиеті» газетінде (1989, 21 апрель) жариялап, кейін өзі құрастырған «Ақ жол» атты Ахаң шығармашылығының жинағына (Алматы, 1991) алғысөз ретінде берген «Алып бәйтерек» атты мақаласында «Әдебиет танытқышқа»: «...Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» деп баға береді. Ал «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты зерттеу еңбегінде жоғарыдағы пікірін толықтыра түсіп. «...Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек» [2, 25 б.] деген тұжырым жасайды.

Ахмет Байтұрсынұлы зерттеу еңбегінің, аса құндылығын ғұламаның өміршең ойлары мен тұғырлы тұжырымдарының кезінде есімі еске алынбай, еңбегі ел санасынан өшірілсе де кейінгі жазылған еңбектердің өн бойынан елес беріп, еріксіз көзге ұрып тұрғандығы танытады. Бұл академик Зейнолла Қабдоловтың әдебиет теориясын оқытудың бірден-бір жолбасшы кітабына айналған «Сөз өнерінде» дәстүр мен жаңашылдықтың бір-бірімен үндесе байланысқан рухани жақындықтың айқын белгісі ретінде танылады. Кеңестік кезеңде атын атауға болмаған ғұламаның әдеби танымдық тұжырымдары өзгедей еңбектерде танылып-ақ қалады. Р. Нұрғали Ахаң туралы зерттеуінде: «А. Байтұрсынов қазақ өлеңінің негізгі структуралық өлшемдерін барлық деңгейде схема, өрнек арқылы көрсетіп берді. Кейінгі өлең

зерттеушілер сол ізді басып отырды десек, ешкімнің егініне түсіп, обалына қалған болмаспыз, ақиқаттың өзі солай» [2, 27 б.] – деп, аты аталмаса да еңбегі назардан тыс қалмағандығы туралы шындықты айтқан.

Егер салыстыра, салғастыра қарайтын болсақ, кейінгі жазылған еңбектердегі «бір ізділік» тек өлең құрылымында ғана емес, әдебиет теориясы, әдебиеттегі әдістер, ұғым-терминдер, жанрлар жүйесі жайындағы тұжырым-түсініктер де түгелдей болмаса да, жалпы үндестік тауып жатады. Ахаң еңбегінен көп кейін жазылып, әдебиеттану мәселесін сөз еткен Е. Ысмайлов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов т.б. кітаптарына есімі көрсетілмегенмен, ұлы ғалым таным шырағының жарығы түскендігі айқын сезіліп тұрады. Оны әдебиетші қауым бұрын байқамағанымен, Ахаң мұрасымен таныса бастаған тұста-ақ сезіне бастады.

Оның да сырын алғаш ашқан ғылымға деген адалдығы басым ұстаз-ғалым, академик Зейнолла Қабдолов болатын. Ол «жабулықазан жабулы күйіндегі» шындықтың бетін ашып, адалын айтты. Шындықты шырақ еткен Зекеңнің сондағы адал сөзі мынау: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал, басы жоқ дене бола ма? Қайтейік болады деп келдік ... Мәселен, айшықтаудың (фигураның) арнау деген бір түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында арнау деген бір-ақ түр; шауып шықсаң бұған шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарландыруы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді ...

Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай, осы үш түрлі арнауды арқайсысымыз өзімізше пайымдап, қиысындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық» [1, 123-124 бб.].

Зекең жазған жолдарда екі шындық жатыр. Оның біріншісі жоғарыда біз айтқан ойдың дәлеліндей Ахаң еңбегінің кейінгі зерттеулерге көшбасшы болғандығы, екіншісі Ахаң өз зерттеуінде алдыңғы батыс, орыс зерттеушілерінің таптаурын жолымен желе жортып жүре бермей, қазақ әдебиетінің ұлттық ұстындарынан тудырып, төл табиғатынан шығарыптың тұжырымдар жасай алғандығы.

Әрине, Ахмет «Әдебиет танытқышты» ешбір дүниеге сүйенбей, тек өз ойынан жазды де-

сек, артық айтқандық болар еді. Оның батыс, орыс ғұламаларының түрлі еңбектеріне сүйенгенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл туралы Р. Нұрғали: «өнер тарауларын сәулет (архитектура), сымбат (скульптура), кескін (живопись), әуез (музыка), сөз (әдебиет) өнері деп дара-лап әрқайсысына дәлді анықтама беруінен сөз жоқ неміс ғалымы Лессингтің: әйгілі «Лаокон» трактатымен таныстықты байқауға болар еді. Сол сияқты әдебиет тіркестерін таратқанда, ішкі ғалам (субъективті әлем) тиіс ғалам, түйіс ғалам (объективті әлем) ұғымдарын пайдалану ескідегі Аристотель, кейінгі Гегель, бергідегі Белинский, Веселовский концепцияларын ескі түсіреді, ал ауыз әдебиетін жалпылай топтау тәсілдерінен – орыстың дәстүрлі фольклоршыларының, сабағы аңғарылады» [2, 25 б.] деген болжаулар жасайды.

Ғалым «Әдебиет танытқышта» ешкімнен дәйексөз келтірмейді, ешкімнің пікіріне сүйенбейді, ешкімнің беделіне жүгініс жасамайды, әйтсе де, ғылыми еңбек алғы зерттеулерді негіздей отырып жасалатынын еске алсақ, бұл қағиданы Ахмет те жақсы ұстанған. Бірақ ол пәлен ғалымның мынадай пікірі бар, түген зерттеушінің түгендей қисындары бар деп атын атап, түсін түстеп жатпайды. Өз заманына дейінгі қоғамдық ой-сананың, әдеби-эстетикалық танымның, философиялық ілім-білімнің, әсемдік ойдың тұнығын екшеп, соның тұнбасынан алған білікті өзіндік әдебиетшілдік көзқарас ұстанымына айналдыра отырып, ұлттық әдебиет материалы негізінде ұлттық әдебиет ғылымының ақиқатына айналдыра алған. Сондықтан да, қазақ әдебиетін теориялық тұрғыдан зерттеуші кейінгі ғалымдар Ахаң ақиқатынан аттап кете алмаған. Қалай дегенде де, әдебиеттану ғылымының бастауында Ахмет Байтұрсынұлы тұрса, оның әдебиет теориясы саласын шырқау биікке көтерген ғалым академик Зейнолла Қабдолов екендігін ешкім жоққа шығара алмасы анық. Өйткені ол кісі нені жазу керектігін де нені тану керектігін де өте жақсы біліп алып, әдебиет теориясын жазуға үлкен дайындықпен келген. Оның дәлелі ғұламаның мына сөздерінен айқын көрініс тапқан: «Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым. Бұл ғылымға беташар тәрізді әдебиеттің табиғатына тән ең бір қарапайым қағидалар, ілкі түсініктер «Әдебиеттануға кіріспе» деп аталатын арнаулы пән арқылы талданып, тексеріледі. Одан арғы күрделі мәселелердің бәрі әдебиеттанудың өзге салаларының үлесіне қалады. Ал, әдебиет туралы ғылым, негізінен, мынадай үш түрлі ғылыми

салаға бөлінеді: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдебиет сыны.

Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік ағым мәселелерін түп-түгел тек әдебиет теориясынан ғана танып-білуге болады» [1, 35-36 бб.]. Ал енді осынау алыстан қозғап, тереңнен тартып, кемеліне жеткізе жазылған З. Қабдолов еңбегінде түбегейлі қаралып, қағидаға айналған мәселелер А. Байтұрсынұлы еңбегімен қат-қабат астасып жатады. Олардағы үндестік сырының шындығы осында. Мәселен, «Әдебиет танытқышта» А. Байтұрсынұлы сөз өнерінің адам жан дүниесіне әсер етуі мен эстетикалық мұратының түп төркіні қашанда суреткер талант-дарынына, қалам қуатына тығыз байланысты екенін байыптай келе: «Сөз өнері – адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге» (3, 168), – деп түйіндесе, З. Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабында суреткерге тән ерекше қасиеттер сегізге жеткізілген. Олар: «сезім, бақылау, қиял, интуиция, өмірбаян, парасат, шеберлік, шабыт» [1, 12 б.]. Соңғы сегіздің алғашқы үштен қанат қағып тұрғаны бесенеден белгілі. Бұл өзі баяғы Абайдың адамның адам болып қалуының жолы деп ұсынған «Бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болуды», Шәкәрімнің 8-ге жеткізгені тәрізді нәрсе.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» Сөз арқылы дүниеге келген өнер туындысының өзіндік ерекшелігін «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің, жалпы аты шығарма сөз, ал аты қысқартылып көбіне шығарма деп аталады», деп анықтай келіп шығарма сөздің 4 тысқы сипатын көрсетіп, әрқайсысына анықтама береді. «Шығармасөздің» бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері: 1) тақырыбы, 2) жоспары, 3) мазмұны, 4) түрі» [3, 170 б.]. Аханның пайымдауынша тақырып – ойға алған пікірдің атауы, жоспар – шығарманың неден басталып, неден аяқталарының белгілеп алу, мазмұн – ойға алған пікірді жеткізуге жұмсаған бүкіл сөз, түр – шығарма мазмұнын ең оңтайлы жолмен берудің ыңғайлы түрі. Міне, осы аталған мәселелер «Сөз өнерінде» одан әрі дамытылып, өзіндік ой-тұжырымдар арқылы бекітіледі. Зекеңде әңгімені тақырыптан бастайды. Ол кісінің пайымдауынша: «Тақырып – өнер туындысының

ірге тасы». «...жазушының шындық болмыстан тандап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып дер едік» [1, 149 б.] – деп түйіндейді өзіндік ойын ғалым. Одан әрі осыдан туындата отырып, шығармадағы идея, тенденция, тартыс, фабула, сюжет, копозициялардың мәнін ашып, олар туралы ой-тұжырымдарын әлемдік әдеби зерттеулермен нақтылап отырады. Мысалдық материалдардың көбі өз заманындағы танымал шығармалардан алынған.

«Әдебиет танытқышта» шығарманың екі жағы бар деп алып, А. Байтұрсынұлы алғашқы бөлімде «шығарманың тілінің ғылымына» назар аударса, З. Қабдоловтың «Сөз өнерінде» бұл мәселе «Сөз сыры», «Сөз сарасы» тарауларында кеңінен сөз болып, негізгі ой-тұжырымдар Ахаң еңбегінен тамыр тартып жатады.

А. Байтұрсынұлы тіл көрнекілігінің (бүгінгі түсінікте образдылық) 3 түрін көріктеу, меңзеу, әсерлеуді атап, көріктеуге айқындау, теңеу, ауыстыруды жатқызады. Әсерлеудің түрлері арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кескіндеу деп дәлелдейді. Өз ойларын ұлттық әдебиеттің озық үлгілерінен алынған мысалдар арқылы бекіте түседі. Ал, кейіннен жазылған еңбектерде, осы көріктеу құралдары шет тілден енген терминдермен – троптар, фигуралар деп аталып кеткен. З. Қабдолов «Сөз өнерінде» Ахаң салған сара бағытпен кетіп, «тропты» – «құбылту» деп алып, оның ауыстыру (метафора), кейіптеу (олицетворение), астарлау (символ), алмастыру (метонимия), т. б. түрлерін таратып алып кетеді. Олардың аты өзге болғанымен, затында айырмашылық жоқ. Анықтамаларындағы айырмашылық та жоқтың қасы деуге болады. Тек кейбір түрлердің жіктелерінде аздаған өзгешеліктер кездеседі. Айталық, Ахаң теңеуді жай, әншейін деп екіге бөлсе, З. Қабдолов теңеулердің жай және күрделі деген екі түрін көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбегінде асыл сөздің ұлттық айшығын, оның қазақ сөз өнеріндегі өзіндік орнын дәл танып, сөйтіп кейінгі зерттеулерде сөз бола бермейтін көп жайттарды сөз етеді. Мәселен, ол жалпы көркем әдебиеттегі сөйлемдерді «өрнекті сөйлемдер», «өленді сөйлемдер» деп екіге бөледі. Өлең және қара сөзді шығармадағы «өрнекті сөйлемдерді» қолданысына орай себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты оралым, жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым, айрықты оралым деп атап, оларды туған тілдің төл табиғатынан тауып, әдебиеттегі

сөз құбылтудың түрлі реңкін айқындайды. Мұның өзі Аханның ұлт әдебиетінің өзіндік ерекшелігіне баса назар аударғанын танытса керек-ті. Бұларды біз қанша тіл ғылымына, соның синтаксистік саласына қатысты дегенмен, әдебиетті әдебиет ететін тіл екенін естен шығармауымыз керек.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышының» ұлылығы туған топырағымызда академик Зейнолла Қабдолов тұжырымдағандай «Әдебиет теориясының басы» болуында ғана емес, асыл сөздің қасиетін «тексерген» ұлы еңбектің бүгінгі күннің сұранысына толығынан жауап бере алуында. Тұңғығына сүңгіп, тұнығынан қанып ішіп, тұнбасына тұшына алсақ, оның ұлттық, ой-танымнан тірек тапқан әдіснамалық арналары қазақ әдебиеттануының ғылыми негізіне айналуға дайын. Оған Ахаң

бастаған дәстүрді жаңаша дамыта білген, сөйтіп қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдебиет теориясы ілімінің замана талабына сай жаңа арнасын ашқан академик Зейнолла Қабдолов еңбектері куә деп білеміз. Кезінде кемеңгер Зекең Ахаң еңбегіндегі ұлттық танымға негізделген қасиеттерді тап басып танып, оның өміршең болмысын жан-жақты насихаттауға белсене кіріскен еді. Өттең, сұм тағдыр ғалым ойының жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Зекең дүниеден өткен соң, бұл ендігі күннің міндеттері болып қалды. Оны жүзеге асыру әдебиеттану ғылымында еңбек етіп жүрген ғалымдардың борышты ісі болмақ. Ол жүзеге асқанада ғана арасына елу жыл салып, қазақ әдебиеттану аспанында бірінен кейін бірі жарқырап жұлдызды еңбектердің нұрлы жарығын кейінгіге жеткізе аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 2 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002.
- 3 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Том 1. – Алматы: Алаш, 2003.

References

- 1 Qabdolov Z. Söz öneri. – Almatı: Qazaq wnıversıteti, 1992. – 352 b.
- 2 Nurgalı R. Qazaq ädebietiniñ altın ğasırı. Zertteu. – Astana: Kúltegin, 2002.
- 3 Baytursınulı A. Bes tomdıq şıǵarmalar jınaǵı. – Tom 1. – Almatı: Alaş, 2003.

Нуршаихова Ж.А.,
Зуева Н.Ю.

**Формализация текстов
в технологических целях**

В описываемой работе автор предлагает при обучении русскому языку демонстрировать формализованные первичные и вторичные тексты в обучающих целях. Это один из вариантов реального вхождения в коммуникацию, требующий умения переводить модели, составляющие предложение на формализованном языке, на естественный язык.

Ключевые слова: формализованный текст, трансформационная грамматика, унифицированное предложение.

Nurshaikhova Zh.A.,
Zuyeva N.Yu.

**Texts formalization for
technological purposes**

The author tried to expand transformational grammar, adding to its hierarchical relationships among sentence components. That is to say, studying sentence structure from the inside in order to teach the construction of sentences through the help of these structural models.

Key words: transformational grammar, sentence components, construction of sentence.

Нұршайықова Ж.А.,
Зуева Н.Ю.

**Технологиялық мақсаттар үшін
мәтіндер рәсімдеу**

Аннотация жазылып отырған бұл жұмыста жаңа грамматиканы оқытуда бірегей грамматикалық жүйе құру мүмкіндігі қарастырылады. Генеративтік лингвистиканың прагматикалық жолы орыс тіліндегі сөйлемдердің біріздендірілген моделін қолданатын тіл меңгеру әдісі болып табылады.

Түйін сөздер: құрылымдық әдіс, генеративтік лингвистика, алгоритмделген синтаксис, трансформациялық талдау.

ФОРМАЛИЗАЦИЯ ТЕКСТОВ В ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ЦЕЛЯХ

В своей работе мы предлагаем в процессе обучения иностранному языку демонстрировать интегральную стемму (Л. Теньер), то есть полную структурную модель предложения, построенную при помощи трансформантов и НС-составляющих на глубинной структуре предложения (Н. Хомский), а затем последовательно (алгоритмически) рассматривать синтаксические связи между составляющими, конструируя и изучая все виды стемм, узлов и графов, связывающих компоненты.

Поскольку в работе мы опираемся как на порождающую грамматику Хомского, так и на структурный синтаксис Теньера, предлагаем пользоваться инструментарием и терминологией, предложенными этими лингвистами.

Предметом структурного синтаксиса является изучение предложения, собственно, и наша работа, ориентированная на алгоритмизированное построение модели русского предложения, основана на том же.

Теньер определяет предложение как организованное целое, элементами которого являются слова.

Пытаясь понять природу предложения с точки зрения коммуникации, мы обратились к технике связи, осуществляющей передачу информации. Применяемое в области информатики специальное оформление передаваемой информации в сообщении является аналогом оформления сообщения при речевой коммуникации. Подобного типа оформление информации в сообщении интересует нас с точки зрения обеспечения его правильного понимания и умения использовать в коммуникативном акте.

Опираясь на понятия из области информатики и не отрицая формулировки Теньера, мы определяем предложение как

организованное в виде сообщения целое, описывающее на естественном языке идеи, факты, события и передающее их в первичной форме (элементами которой являются слова) или, с учетом возможностей его алгоритмической обработки, во вторичной форме (смоделированное и алгоритмически изложенное формализованное описание первичного сообщения).

Составление формализованных вторичных сообщений с использованием методов порождающей грамматики осуществляется в форме унифицированных формализованных сообщений.

И алгоритмическая обработка необходима для обоих видов сообщений: первичных, содержащих тексты, которые необходимо алгоритмизировать в технологических обучающих целях, и вторичных, состоящих из моделей и алгоритмов, которые в свою очередь необходимо уметь перевести на естественный язык уже для реального использования в коммуникации.

Оттолкнувшись от определения предложения как организованного целого приходим к тому, что каждое слово предложения вступает с соседними словами в определенные связи, совокупность которых составляет структуру предложения или по Хомскому – его глубинную или поверхностную структуры.

Эти связи ничем не выражаются. Но они существуют в сознании говорящих: без них мы не можем передать мысль, и наша речь становится последовательностью изолированных образов и идей, ничем не связанных друг с другом. «Именно синтаксическая связь делает предложение живым организмом, и именно в ней заключена его жизненная сила. Построить предложение – значит вдохнуть жизнь в аморфную массу слов, установив между ними совокупность синтаксических связей» [1].

То же с наших позиций означает умение перевести модели и алгоритмы, составляющие предложение на формализованном языке, на естественный язык для реального использования в коммуникации. И опять же, понять предложение – значит уяснить себе совокупность связей, которые объединяют входящие в него слова, то есть необходимо предложение естественного языка перевести на язык алгоритмов, чтобы выявить суть контактов, связующих слова. Таким образом, мы не отрицаем, что понятие синтаксической связи является основой всего структурного синтаксиса.

Отталкиваясь от греческого значения слова «синтаксис» – «расположение, построение, составление, установление порядка», мы видим, в чем суть синтаксических связей. У Гумбольдта [2] – это «внутренняя форма языка».

Для наглядности изображения связи между словами мы даем графически, посредством линий (прямых, пунктирных, со стрелкой и т.п.), которые мы, используя терминологию Теньера, называем линиями синтаксической связи.

Основываясь на теориях Н. Хомского [3] и Л. Теньера, мы рассматриваем алгоритмы моделирования предложения в двух уровнях: внешнем и внутреннем. К внешнему уровню мы относим построение унифицированной структуры пред-

ложения от глубинной к поверхностной – по Хомскому. А к внутреннему уровню мы относим структурное соотнесение элементов модели как содержание самой структуры унифицированного предложения – по Теньеру.

Исходя из теории Теньера, а также из логики структурирования, подчеркиваем, что синтаксические связи устанавливают между словами отношения зависимости. Каждая связь объединяет некоторый вышестоящий элемент с элементом нижестоящим. Вышестоящий элемент называется управляющим, или подчиняющим, а нижестоящий – подчиненным.

Принцип зависимости отличает теорию Теньера от конституентных грамматик (грамматика НС, трансформационная грамматика), где модели определяются как объединение составляющих, между которыми не устанавливаются отношения иерархии. В отличие от этих грамматик, у Теньера к одному элементу высшего уровня может относиться множество элементов низшего уровня.

Мы же, объединяя обе теории, определяем все модели, сконструированные нами и как объединение составляющих, и отражаем в этих же моделях отношения иерархии между компонентами. То есть на базе теории Теньера мы пытаемся расширить трансформационную грамматику, дополнив ее иерархическими отношениями между компонентами, исследовать структуры, составляющие предложения, изнутри и делаем попытку при помощи этих структурных моделей обучать конструированию предложений.

Поскольку внутреннюю структуру унифицированной модели предложения мы излагаем, основываясь на структурировании Теньера, то и весь инструментарий и терминологию мы заимствуем у него. Отсюда и *узлы, стеммы, речевые цепочки*.

Стемма – это совокупность линий, отображающих структурные *синтаксические связи*. Стемма наглядно изображает иерархию связей и схематически показывает все узлы и образуемые ими пучки, то есть графически изображает все узлы синтаксических связей и представляет собой материализованную в наглядной форме структуру предложения, которая вбирает в себя все виды существующих стемм.

А *унифицированная структурная модель предложения* (то, что Теньер назвал *интегральной стеммой*), построенная нами с использованием методов ПГ (порождающих грамматик), представляет собой гамму стемм, демонстриру-

ющих иерархию синтаксических связей между словами.

Порядок, в котором устанавливаются синтаксические связи, можно назвать *структурным порядком слов* и определить его как многомерную конструкцию. Мы никак не можем говорить о линейном расположении стемм в структурной модельной конструкции, поскольку уровневая зависимость управляющих и управляемых слов определяет многомерность восприятия структур. А использование компьютерных возможностей в прагматических целях могли бы дать нам прекрасные многомерные демонстрационные конструкции.

Таким образом, переход от структурного порядка к линейному сводится к тому, чтобы «сплющить» стемму и объемную схему транспонировать в линейную.


Следует добавить, что с синтаксической точки зрения настоящим предложением является *предложение структурное*, то есть *стемма*. А линейная форма – не всегда точно подобранная «одежда»: это связано с тем, что один элемент структурного порядка может иметь не один, а два или несколько подчиненных, и каждый из подчиненных может быть управляющим словом. И в таком случае в речевой цепочке нарушается порядок слов. В таких случаях можно говорить, что линейный порядок разорван.

Линейные разрывы между связанными словами вызваны обычно стилистическими соображениями. Они никогда не обуславливаются синтаксической необходимостью.


Рассмотрим, к примеру, такой случай:

В будуаре тоскующей нарумяненной Нелли ... на кушетке загрезился молодой педагог. (И. Северянин) [4].


По стихотворной строке И.Северянина мы составили 3 стеммы, так как сама фраза получилась неоднозначной из-за неизменяемой формы имени Нелли и неразличимых форм Родительного, Дательного и Творительного падежей имени прилагательного женского рода. И в этом случае смысл ускользает от читателя. А построенные стеммы наглядно показывают эту многозначность: 1) Педагог загрезился в будуаре (*в чем?*) Нелли (девушки); 2) Педагог загрезился (*кем?*) Нелли (девушкой) или 3) Педагог загрезился (*кому?*) Нелли (девушке).



Стемма 1



Стемма 2



Стемма 3

Это во-первых, а во-вторых, здесь мы видим разрыв линейной строки, вызванной необходимостью поэтической метрики стиха: субъект (N) в строке находится после предиката (V), и отдален от него определяющим субъект прилагательным (A) [5].

Структурирование, моделирование предложения при помощи стемм позволяет решить технологическую задачу – дать описание строения предложения изучаемого языка, поскольку трудно правильно понять язык, если ты не видишь его структурную сущность. Таким образом, структурирование помогает определенным образом включению в коммуникативную деятельность.

Литература

- 1 Теньер, Л. Основы структурного синтаксиса. – М.: Прогресс, 1988. – С. 23.
- 2 Гумбольд, В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – С. 70.
- 3 Хомский, Н. Аспекты теории синтаксиса. – М.: МГУ, 1972.
- 4 Северянин, И. Нелли. // Я избран королем поэтов. – М.: Эсксмо-пресс, 2000. – С. 181.
- 5 Нуршаихова, Ж. Структурный синтаксис: взгляд из прагматики: монография / Ж.А. Нуршаихова. – Munich: Lambert Academic Publishing – 2013. – 276 с. – (ISBN 978-3-659-47853-6).

References

- 1 Tenyer, L. Osnovy strukturnogo sintaksisa. – M.: Progress, 1988. – S. 23.
- 2 Gumbold, V. Izbrannye trudy po jazykoznaniju. – M.: Progress, 1984. – S. 70.
- 3 Chomski, N. Aspekty teorii sintaksisa. – M.: MGU, 1972.
- 4 Severjanin, I. Nelli. // Ja izbran korolem pojetov. – M.: Jesksmo-press, 2000. – S. 181.
- 5 Nurshaikhova, Zh. Strukturnyj sintaksis: vzgljad iz pragmatiki: monografija / Zh.A. Nurshaihova. – Munich: Lambert Academic Publishing – 2013. – 276 s. – (ISBN 978-3-659-47853-6).

Байелі Ә., Акимбекова Г.

**Мәтінді оқытудағы
мультимедиялық
технологияларды
пайдаланудағы
нейролингвистиканың рөлі**

Мақалада мәтінді оқытудағы мультимедиялық технологияларды пайдаланудағы нейролингвистиканың рөлі мен маңызы жайлы сөз болады. Шет тілдерді игерудің жалпыеуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға стандартында бұл «қатысымдық тұлғалар» – тілдік дағдылар деп аталған. Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) тілді үйренушінің немесе студенттің сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғы шарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Яғни, мәтінді аудиотыңдау арқылы тілді үйрету лингвистикалық-психикалық, танымдық процестер негізінде тілді үйренушінің миында нейролингвистикалық бағдарламалауды жүзеге асырады. Миды бағдарламалау арқылы тілді үйрету өте тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Түйін сөздер: мультимедиялық технология, нейролингвистика, мәтінмен жұмыс, тілдік төрт дағды, тыңдалым әрекеті, нейролингвистикалық бағдарламалау, әдіс.

Baieli A., Akimbekova G.

**Neurolinguistics values of use of
multimedia technology to work
with text**

The article introduces the role and importance of neurolinguistics when using multimedia technology in teaching texts. According to European skills sets, learning foreign language requires research and teaching knowledge. In assessment standard terms, it is called language skills. The four skills (speaking, listening, writing and reading) develop student's language proficiency. Firstly, listening skills are incorporated into the other three skills. Using the audio materials in order to listen to texts based on linguistic and psychological processes will lighten neuro-linguistic programs in learners' brains. One of the effective methods to teach the language is programming the brain.

Key words: multimedia technologies, neurolinguistics, work with text, types of speech activity, listening, neuroprogramming, method.

Байелі Ә., Акимбекова Г.

**Значения нейролингвистики
в использовании
мультимедийных технологий
при работе с текстом**

В статье поднимается вопрос роли и значения нейролингвистики в использовании мультимедийных технологий при работе с текстом. В процессе овладения иностранным языком сохраняются общеевропейские компетенции: исследование, чтение, стандарт оценивания – то, что называют языковыми навыками. Речевая компетенция обучающегося языку формируется через обучение четырем видам речевой деятельности (говорение, аудирование, письмо и чтение). Среди них особую роль в формировании речевой компетенции играет такой вид речевой деятельности, как аудирование. Таким образом, через аудирование текста на основе лингвистико-психологического, познавательного процессов, задействованных при изучении языка, осуществляется нейролингвистическое программирование обучающегося. Обучение языку через нейропрограммирование является одним из самых эффективных методов.

Ключевые слова: мультимедийные технологии, нейролингвистика, работа с текстом, виды речевой деятельности, аудирование, нейропрограммирование, метод.

МӘТІНДІ ОҚЫТУДАҒЫ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДАҒЫ НЕЙРОЛИНГВИСТИ- КАНЫҢ РӨЛІ

Бүгінгі күнде ғылым мен білімнің дамуына үлкен мән беріп жатқанда, мемлекеттік тілді меңгертудің жаңа жолдарын зерттеу назардан тыс қалмауы тиіс. Тілді дәстүрлі әдіс-тәсілдер арқылы үйрету тез нәтиже бере қоймайтыны хақ. Уақытты өз пайдасына жаратуға тырысатын тіл үйренуші немесе студент алдымен, уақыт тығыздығын негізге алады. Қазіргі уақытта дүниежүзінде тілді меңгерту бойынша нәтижелі әрі, адамның санасын тереңнен анықтауға арналған әдіс-тәсілдер пайда бола бастады. Тілді меңгертуде сөйлеу дағдысы мен сөйлеуді түсіну дағдысы үлкен рөл атқарады. Бұл жөнінде, алдымен психологиялық әдістемелер мен нейролингвистиканы пайдаланудың жолдары туралы айтуға болады.

Нейролингвистика психологияның бір саласы. Жалпы ғаламтор материалдарында сүйенетін болсақ, «нейролингвистикаға» былай анықтама береді. Нейролингвистика (грек, *neuron* жүйке, французша *linguistique* лингвистика, латынша *lingua* тіл) – неврология мен тіл білімінің түйіскен жерінде пайда болған, мимен байланысты тіл жүйесін зерттейтін ғылым саласы деп көрсетеді. Нейролингвистикалық зерттеулер неврология мен тіл білімі теориясының дамуымен бірге дамыды. Нейролингвистика емдеу орындарында диагностикалық міндеттерді шешу қажеттілігінен туған.

Ал, енді кейбір ғылыми мақалаларға назар аударатын болсақ, мысалы А.А. Игісінова нейролингвистиканы зерттеудің қажеттілігі туралы былай дейді: «Тілдік қабілетті жетілдіруде лингвистиканың алатын орны ерекше, алайда нейроғылымның заңдылықтарын білмейінше, тілдік қабілеттің жоғары мәресіне жету мүмкін емес. Бұл жерден байқайтынымыз, тілдік қабілетті және тілдік қызметті ми арқылы ұйымдастыруды түсіну үшін ең алдымен, жоғары психикалық функциялардың негізінде жатқан жалпы қағидаларды білген жөн», – деп баяндайды [1, 55].

Э.М. Сәмекбаева: «Нейролингвистиканы биолінгвистика деп те атайды. Биолінгвистика (нейролингвистика) – «тіл – адам биологиясы» қатынастарын, яғни тіл жүйесінің мидың қабатына әсерін зерттейді», – деп көрсетеді [2, 12].

XX ғасырдың екінші жартысында нейролингвистиканы зерттеуге психолінгвистика, нейропсихология, нейрофизио-

логия, психоакустика, кибернетика т.б. ғылым салалары ықпалын тигізеді. Сөйтіп, қазіргі нейролингвистика адамның сөйлеу қызметін комплексті зерттеудің бір саласы болып табылады. Осы айтып жатқан лингвистикадағы нейролингвистика өзекті ғылым болып саналады. Айта кетеін бір жайт, нейролингвистика мен психоллингвистика әр басқа ғылымдар екенін ұмытпауымыз керек.

Нейролингвистиканың жетістіктерін тілді оқытуда қолдануға болады. Себебі есте сақтау – мидың атқаратын қызметі. Тілді үйренуші есте сақталған ақпаратты қайталап, орынды пайдаланап, оны дұрыс жеткізе білу сияқты әрекеттерді іске асыру үшін, әрекетті іске асыратындай жұмыс түрлерімен жұмыс істеу керек. Сонда ғана нәтиже болғанына көз жеткіземіз.

Нейролингвистиканың басты идеяларының бірі – модельдеу. Модельдеудің бір түрі жүріс-тұрысты, мінез-құлықты модельдеу болып табылады. Қабылдаудың екінші позициясына түсу (сіз өзіңіз моделдейтін адамның орнында болсаңыз), яғни ол адам не істейді, соны ойланбастан қайталауды айтады. Бірнеше минут ішінде, бар ойыңызды салып, бір адамды көшірудің арқасында сол адам сөйлеген сөздердің бірнешеуін қайталап үреніп алуға болады екен. Негізінен көбінесе мектеп мұғалімдері оқушыларға бұл әдістің қалай іске асатынын үйретеді. Оқушылардың бір бөлігі осы әдісті сәтті қолданса, енді біреулері мүлдем істей алмайды. Бірақ барлық оқушыны өткен материалмен бірдей бір уақытта, тез және нақты үйрету мүмкін емес. Жүріс-тұрысты, мінез-құлықты модельдеу көшіруге негізделген, айталық моделдеудің ең қарапайым түрі, мысалы тілі шығып келе жатқан баланы сөйлеуге үйрету үшін, алдымен үлкендер бір сөзді бірнеше қайталап, баладан соны талап етеді. Бірақ бұл тек дыбысты, сөзді, фразаны айтуды көшіруге ғана көмегін тигізеді. Егер грамматиканы түсіндіруде бұл моделдеуді қолданатын болсақ, онда нақты нәтиже болмайды.

Келесі бір моделдеудің түрі – стратегиялық моделдеу, яғни адамның стратегиясы немесе бір әрекетті дәйекті көрсету. Кадр ретінде бөліп (раскадровка) еске сақтау деген бар. Айталық, қазақ тілін үйретуге арналған «Алдар Көсе» мультфильмін айтуға болады. Мысалы ретінде кез келген бір мәтінді алып қарастырайық. Мәтінді оқу барысында немесе мәтінді толығымен оқып болғаннан кейін дәйекті түрде есте сақтауға болады. Осы техникаға сәйкес адам өзінше бірінші «кадрды» көз алдына елестету

керек. Мәтін мазмұнын ашатын суретті ойда елестету керек. Ондай суретті елестету мүмкін болмаса, онда өмірде, фильмде бар образдар арқылы мәтіннің мазмұнына сай келетін суретті мәтіннің сол жақ жоғары жағына көз түсетін жаққа қойып елестету керек. Көзді жұмардың алдында оны ойға «суретке түсіріп алғандай» елестету қажет. Көзді қайта ашып, суретке қайта қарап, қайта жұмып, мәтіннің мазмұнын ойша айтқанмен, ойдағы сурет арқылы айтқанды салыстыруға болады. Осы әдіс арқылы бірнеше жаттығу жасау арқылы нәтиже жақсара түскенін байқауға болады. Бұл визуалды түрде көру арқылы есте сақтау қабілетін дамытуға көп көмегін тигізеді. Осы қарапайым техниканы меңгеру арқылы адам есте сақтау қабілетін ғана дамытып қоймайды, сонымен бірге тұсаукесерлерді, іскери көріністерді әңгіме барысында баяндай алуға да септігін тигізеді. Енді нейролингвистиканың адам психикасына әсер ететін төрт репрезентативтік жүйесінің кейбір түрлеріне тоқталып кетсек.

Шет тілдерді игерудің жалпыеуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға стандартында бұл «қатысымдық тұлғалар» – тілдік дағдылар деп аталған. Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) тілді үйренушінің немесе студенттің сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғы шарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде тілді үйренуші көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер тілді үйренуші өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге қатысты өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады. Сонда тыңдалым дағдысы бойынша:

- негізгі ойды түсіну;
- ақпаратты анықтау;
- түсінгенін тәжірибеде қолдана білу;
- ақпаратқа өз көзқарасын білдіру;
- ой қорыта білу дағдылары жүзеге асады.

Аталған әлемдік стандарттарды ескере отырып, қазақ тілі сабағында тыңдалым әрекетін мультимедиялық технологияларды пайдалана отырып мәтінді оқыту жолдарын нақты мысалдармен көрсетеміз.

Алдымызды В2 деңгейіне арналған «Күй ата-сы – Қорқыт» атты мәтіні. Алдымен мәтін деп айтылған ой-пікірдің, белгілі бір шығармашылық жұмыстың, біреудің шығармасының не оның үзіндісінің қағазға түскен немесе ауызша айтылған түрін айтады. Мәтін өзара байланысты бірнеше сөйлемнен тұрады да, олардағы ойлар жинақталып келіп автордың белгілі бір пікірін, көзқарасын білдіреді. Міне, сондықтан да жұмыс жасау үшін берілетін мәтіннің жалпы не мәселе туралы екеніңізді аңғарту үшін қобызда орындалған күйді (студенттердің қалауынша 2-3 рет қайталап қоюға болады) тыңдатамыз. Күй орындалып біткен соң мынадай сұрақтар бойынша жұмыстар жасалады:

1. Біз қазір қандай өнер туындысын тыңдадық?
2. Бұрын күй тыңдадыңыз ба?
3. Күй тартатын адамдарды кімдер деп атайды?
4. Тағы қандай аспаптармен күй орындауға болады?
5. Қандай күйлерді білесіздер?

Тыңдалған күйден кейін жалпы күй туралы жоғарыдағы сұрақтарға жауап беру бойынша әңгіме қозғап, кейбір жаңа сөздермен танысқаннан кейін, мәтінді тыңдау басталады. Осы жұмыс барысында күй өнеріне қатысты жаңа сөздер болып жатса, тақтаға жазып қоямыз.

Қорқыт – күй атасы

Қазақ музыкасының тарихында қобыз өнері ерекше орын алады. Аңыз бойынша қобыз аспабын жасаған адам – Қорқыт ата. Ол шамамен VIII-IX ғасырларда Сырдария өзенінің жағасында өмір сүріпті. 1952 жылдарға дейін Сырдарияның жағасында Қорқыттың күмбезі болған деседі. 1980 жылы сол жерде Қорқытқа үлкен ескерткіш орнатылған.

Қорқыт ата есімі шығыстану ғылымында да жақсы белгілі. Ол – түркі халықтарының көне ескерткіші «Кітаби дәдем Қоруттың» («Қорқыт ата кітабы») авторы және негізгі кейіпкері. Бұл шығарма шамамен XIV-XVI ғасырларда араб әрпімен көшірілген. Бүгінде қолжазбаның екі нұсқасы бар. Оның 12 жырдан тұратын бір кітабы 1815 жылы Дрезден кітапханасынан, 6 жырдан тұратын екінші кітабы кейінірек Ватиканнан табылған.

«Қорқыт ата кітабы» – батырлар туралы жазылған эпикалық жыр. «Қорқыт ата кітабы» туған жерін, елін, үйін сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алып батырлардың ерлігі туралы толғайды. Сонымен қатар онда түркі халықтарының мақал-мәтелдері

жинақталған. Көне шығарма қазіргі түрік, әзербайжан, итальян тілдеріне аударылған. 1986 жылы ол қазіргі қазақ тілінде жарық көрді.

Халық арасында Қорқыт ата және ол шығарған күйлер туралы аңыздар жақсы сақталған [3].

Жоғарыдағы мәтінді тыңдауды студенттердің қалауынша 2-3 рет қайталап қоюға болады. Өйткені аудиоматериалды тыңдау арқылы қабылдауы әр адам үшін әртүрлі. Мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орындау барысында мәтіннің қағазда жазылған нұсқасы тіл үйренушіге немесе студенттерге берілмейді. Нейролингвистика қарастыратындай адам психикасының төрт репрезентативтік жүйесі бар. Мәтінді тыңдатуда біз аудиалдық репрезентативтік жүйе, яғни құлақпен есту арқылы ақпаратты қабылдайды, талдайды және қорытады. Мәтінді аудио арқылы тыңдатуда шет тілінің дыбыстарын, сөйлеу мәнерін, екпіннің қойылу жолдарын – жалпы фонетикалық жүйесін қабылдауы бірінші орында болады. Тыңдау барысындағы талдау процесі сөздерді, сөйлемдерді түсініп, жалпы ақпаратты қабылдау әрекеттерін қамтиды. Ал қорыту процесінде тыңдаушының өзі тыңдаған мәтініндегі жалпы ақпараттан негізгі, қажетті ақпаратты ғана бөліп алып қарастыруына ықпал жасайды. Аудиалдық репрезентативтік жүйе аудио материалды тыңдауда іске қосылып, жұмыс жасай бастайды.

Студенттер тыңдап болған соң, аудиалдық репрезентативтік жүйе арқылы қабылдаған ақпараттарын сабақта нәтижелі болатындай етіп есте сақтаулары үшін бірнеше тапсырмалар орындатуға болады.

Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіп, астын сызыңыз.

Сөйлемдер	Шын	Жалған
Қазақ музыкасының тарихында қобыз өнері ерекше орын алады.	+	
Қорқыт ата шамамен XIII-IX ғасырларда Сырдария өзенінің жағасында өмір сүріпті.		+
«Қорқыт ата кітабы» – әйелдер туралы жазылған эпикалық жыр.		+
Халық арасында Қорқыт ата және ол шығарған күйлер туралы аңыздар жақсы сақталмаған.		+

Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпараттың астын сызыңыз.

«Қорқыт ата кітабы» – батырлар туралы жазылған эпикалық жыр. «Қорқыт ата кітабы» туған

жерін, елін, үйін ішкі жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алып адамдардың ерлігі туралы толғайды. Сонымен қатар онда славян халықтарының жұмбақтары жинақталған. Көне шығарма қазіргі өзбек, иран, поляк тілдеріне аударылған. 1989 жылы ол қазіргі қазақ тілінде жарық көрді.

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Қорқыт атаны түркі халықтары неліктен «күй атасы» деп атайды?

Қорқыт ата қашан және қайда өмір сүрген?

Қорқыт ата есімімен байланысты қандай көне түркі жазба ескерткіші бар?

Кітаптың көне жазба нұсқалары қайда сақталған?

«Қорқыт ата кітабы» не туралы?

«Қорқыт ата кітабы» қазір қандай тілдерге аударылған?

4. Мәтінді пайдаланып сөйлемдерді өз сөзіңізбен аяқтаңыз.

1. Қазақ музыкасының тарихында қобыз өнері

2. Аңыз бойынша қобыз аспабын

3. Қорқыт шамамен VIII-IX ғасырларда

4. 1952 жылдарға дейін Сырдарияның жағасында

5. 1980 жылы сол жерде

6. Қорқыт ата есімі шығыстану

7. Ол «Кітаби дәдем Қорқыттың» –

8. Бұл көне шығарма шамамен XIV-XVI ғғ.

9. Қолжазбаның 2 нұсқасы бар. Олар

Мәтінді аудиотыңдау арқылы тілді үйрету лингвистикалық-психикалық, танымдық процестер негізінде тілді үйренушінің миында нейролингвистикалық бағдарламалауды жүзеге асырады. «Бағдарламалау – ойлау процесін қалыптастыра отырып, оны адамның қажеттеліктеріне сай бағыттап, жаңа мақсаттардың қалыптасуына әсер ететін амал-тәсілдерді жинақтау» [4, 3].

Қорыта келгенде айтарымыз, тыңдалым басқа сөйлеу әрекеттерімен тығыз байланысты болғандықтан, әсіресе, коммуникативтік бағыттағы шет тілін үйретуде өте маңызды болып табылады. Өйткені тыңдап, естіп, түсініп қабылдамаған жағдайда, сөйлеу де, жазу да, оқу да өз дәрежесінде жүзеге аспайды. Мультимедиялық технологияларды пайдалану хабарды түсініп, оған ауызша жауап қайтара алуға, дыбыстар легін дұрыс естіп, сөздің мағынасын түсініп қабылдауға таптырмас көмекші құрал. Әрі нейролингвистиканың атқаратын рөлі ерекше. Аталған мәселеге орай түсініп тыңдауға үйрету аспектісінде аутентикалық материалдарды пайдалану тиімді болмақ. Аутентикалық материалдар түпнұсқадан алынады, ондағы лексика мен грамматикалық формалар табиғилығымен, қолданылған тілдік құралдардың жағдайға сәйкестілігімен сипатталады.

Әдебиеттер

1. Игісінова А. Ана тілі және психолінгвистика // Әлемдік рухани құндылықтар және қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері: ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2007. 2 т. – 819 б.
2. Сәмекбаева Ә. Нейролингвистиканың ғылымдар жүйесінде алатын орны // Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеттің хабаршысы. Педагогика сериясы. – Семей, 2014. – №4 (04).
3. <http://malimetter.kz/korkyt-atany-kujleri/>
4. Жәкіпов С. Нейролингвистикалық бағдарламалау дегеніміз не? // Ұлағат. – 2000. – № 5.

References

1. İgisinova A. Ana tili jäne psixolingvistika // Älemdik ruwxanî qundılıqtar jäne qazirgi qazaq ädebietiniñ özehti mäseleleri: ğılımi-praktikalıq konferenciya materialdarı. – Almatı, 2007. 2 t. – 819 b.
2. Sämekbaeva Ä. Neyrolingvistikanıñ ğılımdar jüyesinde alatin ornı // Semey qalasınıñ Şäkärım atındağı memlekettik wnıv-ersitettiñ xabarşısı. Pedagogıka seriyası. – Semey, 2014. – №4 (04).
3. <http://malimetter.kz/korkyt-atany-kujleri/>
4. Jaqipov S. Neyrolingvistikalıq bağdarlamalaw degenimiz ne? // Ulağat. – 2000. – № 5.

Хайрушева Е.Е.,
Егизбаева Н.Ж.

**Обучение составлению тезисов
как особому виду
интеллектуально-речевой
активности студентов**

В статье отмечается перспективность обучения составлению тезисов на занятиях по русскому языку с точки зрения работы над обобщенным осмыслением содержания текстов, их продуманной логико-композиционной структурой, лаконичным и четким языковым представлением. Раскрывается важность формирования комплекса операций тезирования как особого вида интеллектуально-речевой активности студентов, способствующей развитию коммуникативно-деятельностного подхода к преподаванию предмета. Приводится методика обучения тезированию.

Ключевые слова: тезисы, тезирование, коммуникативно-деятельностный подход, методика обучения тезированию, речевая компрессия.

Khairusheva Ye.E.,
Yegizbayeva N.Zh.

**Teaching theses compiling as
a peculiar kind of intellectual-
speech activity of students**

The article deals with the prospects of teaching theses compiling at the Russian lessons from point of view the working at the generalized comprehension of texts content, their thought-out logic-compositional structure, laconic and clear linguistic representation. The importance of forming of the complex of operations on compiling theses as a peculiar kind of the intellectual-speech activity of students is revealed in this article. This kind of activity contributes to the development of the communicative-activity approach in teaching the discipline. The methodics of teaching compiling theses is presented in the article.

Key words: theses, compiling theses, communicative-activity approach, methodics of teaching compiling theses, speech compression.

Хайрушева Е.Е.,
Егизбаева Н.Ж.

**Студенттерге тезис
құрастыруды интеллектуалды-
сөйлеу белсенділігінің
айрықша түрі ретінде меңгерту**

Мақалада мәтін мазмұнын жалпы түсіну тұрғысынан тезис құрастырудың тілді меңгертудегі тиімділігі жайлы сөз етіледі және тезис композициялық жағынан қисынды құрастырылған мәтін құрылымы, жинақы әрі нақты тілдік ұғым ретінде қарастырылады. Мәтін бойынша тезис жасай білу студенттердің интеллектуалды-сөйлеу белсенділігін арттырудың ерекше түрі екендігі дәлелденеді, оны кешенді, сатылы операция ретінде қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады. Тезис жасай білу – пәнді оқыту барысында коммуникативтік құзіреттілікті дамытуға мүмкіндік жасайтын ұтымды тәсіл. Сонымен қатар, мақалада тезис жасай білуге үйрету әдістері көрсетіледі.

Түйін сөздер: тезис, тезис жасау, коммуникативті-әрекет тәсілі, тезис жасауды меңгерту әдістері.

**ОБУЧЕНИЕ
СОСТАВЛЕНИЮ
ТЕЗИСОВ
КАК ОСОБОМУ ВИДУ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНО-
РЕЧЕВОЙ АКТИВНОСТИ
СТУДЕНТОВ**

Коммуникативно-деятельностный подход, реализация которого является одним из основных направлений обучения русскому языку, предполагает обогащение содержания общей подготовки за счет усиленного внимания к универсальным умениям интеллектуально-речевой деятельности. В этой связи немаловажная роль уделяется умению составлять тезисы текста, которое востребуется в процессе усвоения различных учебных дисциплин.

Надо отметить, что методике работы над тезисами чужого и собственного высказывания не всегда придается значение в ходе речевой подготовки обучающихся. При работе над темой «Конспект» тезисы только упоминаются в качестве его компонента. В то же время и в учебно-методических пособиях, раскрывающих общие особенности самостоятельной коммуникативно-познавательной деятельности учащихся, тезированию часто не уделяется достаточного внимания, порою отводится лишь несколько разъясняющих строк. Иногда тезисы вообще не упоминаются среди различных форм записей при усвоении информации.

С функционально-стилистической точки зрения, тезирование в качестве одного из умений научной речи охарактеризовано в книге А.Н. Васильевой [1, 185-195], однако здесь внимание концентрировалось главным образом на тезисах как разновидности собственно научного изложения, подготавливаемых в связи с проведением того или иного форума специалистов.

Между тем, обучающее тезирование – это специфичное информационно-коммуникативное умение, обладающее значимым потенциалом развития мышления и речи. Тезисы квалифицируются и как вид учебных текстов, содействующий процессу усвоения и закрепления знаний, и как способ фиксации и хранения сведений. Подготовка тезисов относится к классу текстообразующих умений, формирование которых составляет профессиональную прерогативу преподавателя-словесника и должно основываться на целостных речеведческих знаниях. Обобщая роль тезирования в работе над смысловой структурой, композицией и языковой формой текста, отметим, в первую очередь, следующее. Если интерпретировать данный процесс в области теории текста, согласно И.Р. Гальперину [2], становится очевидным: в тезисах сосредоточена концептуальная информация высказывания, в том числе и та, что бывает скрыта за

информацией фактуальной и подтекстовой. Соответственно, при составлении тезисов студенты совершенствуют свою способность к мыслительному абстрагированию. Преодолеваются возможная дробность, мозаичность восприятия, отвлечение на частности. Должна быть сформирована особая психологическая установка видеть смысловое ядро высказывания, «доминировать над текстом» в целом. Кроме того, с точки зрения психологии памяти [3, 99], тезисы весьма полезны для усвоения материала: они компактны, обозримы и, как следствие, запоминаются легче и прочнее. С другой стороны, составление тезисов содействует углубленному осмыслению композиции высказывания, позволяет тщательно, шаг за шагом проследить и выверить логическую траекторию опорных суждений, представляя ее в совершенно отчетливом виде. Тем самым работа над тезисами направлена на профилактику аморфности и сбивчивости в построении собственных высказываний. В области языкового представления идей тезирование развивает у студентов способность к выбору максимально емкой формулировки, что в конечном итоге благотворно воздействует на коммуникативный вес, влияние их речи.

В более широкой коммуникативной перспективе тезирование способствует формированию не только готовности к тем видам деятельности по созданию вторичных информационных высказываний, которые обозначены учебной программой по русскому языку (составлению плана, конспекта, аннотации, реферата, рецензии), но и соотносимых с ним умений по составлению плана-проспекта будущего речевого произведения или резюме уже состоявшегося текста.

В сложившихся подходах к обучению тезированию в рамках школьной методики развития речи работа над ним иногда начинается и ограничивается подготовкой тезисов собственного текста. В то же время методически более корректным и последовательным представляется вначале отработать особенности тезирования текста-источника.

Предлагаем выделять следующие моменты в процессе обучения тезированию.

1. Понятие о тезисах и тезировании формируется на базе знакомого студентам понятия *тезис* как синонима главной мысли высказывания и как важнейшего структурного элемента рассуждения. Так, студенты должны установить, какое из понятий, характеризующих текст: тема, главная мысль (идея), название, цель – соответствует понятию тезиса, и вспомнить, в каком из

типов речи тезисом именуется одна из основных смысловых частей.

2. При тезировании учитываются признаки выявления ключевых положений, а также детализируются характерные смысловые категории информации, которая обычно бывает отражена в тезисах. Привлекается внимание к структурным признакам ключевых суждений (отражение в заглавии, эпиграфе, начале и конце текста либо абзаца), их речевым маркерам (показатели вывода) и графическим средствам акцентировки (шрифтовые выделения). В качестве основных форм тезисного изложения выделяются утверждающая (формулировки законов, правил) и классифицирующая. Сообщается, что нередко в тезисах группируются и нумеруются сведения, которые показывают: этапы из истории явления; условия (факторы), которые на него влияют; составные части объекта; его разновидности; признаки, свойства; взаимосвязи данного явления с другими; цели и принципы деятельности объекта; тенденции его развития и т.п.

3. Проводится сопоставление тезисов и тезисного плана, показывается возможная вспомогательная роль последнего в ходе тезирования. Вначале студенты самостоятельно сравнивают различные виды плана, определяя: а) какой из планов и почему именуется назывным, какой – вопросным, а какой – тезисным; б) который из них полнее и понятнее отражает содержание высказывания (отвечает не только на вопрос, *о чем* говорится в тексте, но и *что* именно говорится). Затем развернутые тезисы текста сопоставляются с его тезисным планом. Отмечается совпадение в делении материала на важнейшие смысловые части-блоки. Формируется умение разграничивать основные тезисы, которые могут совпадать с пунктами тезисного плана, и дополнительные тезисы, раскрывающие содержание основного.

4. Дается общее представление об элементарных логических требованиях к вычленению тезисов. Так, устанавливаются недостатки каждого из приведенных вариантов тезисов на основе одного и того же текста. Делается вывод о типичных логических недочетах в содержании тезисов.

5. Актуализируются знания о структуре и грамматической форме определения понятия с тем, чтобы упростить его обнаружение и фиксацию в качестве одного из возможных тезисов. Имеется в виду классическая родо-видовая схема построения научных толкований и передача отличительных признаков понятия с помощью одиночных грамматических определений, при-

частных оборотов и придаточных определительных предложений.

6. Студенты учатся передавать внутреннюю иерархию тезисов с помощью уровневой организации материала. Демонстрируются такие приемы представления его структуры, как система абзацных отступов и нумерация, в том числе популярные в международной практике обозначения с точечным разделением цифровых последовательностей. В этой связи уместно повторить также правила корректного оформления перечней.

7. Формируется практическое представление о замещении, исключении и совмещении как о способах языковой обработки тезисных формулировок. Важность освоения указанных способов речевой компрессии материала особенно важно в методике преподавания русского языка как неродного. Однако, на наш взгляд, базовую готовность к подобной деятельности в не меньшей мере логически оправданно совершенствовать и в процессе изучения основного языка общения.

